Сегодня к женщинам в обществе при исполнении трудовых функций устанавливаются одинаковые с мужчинами требования. Однако в семейно-бытовых отношениях наблюдается сохранение гендерного стереотипа мужской привилегированности. Наряду с этим, в современных условиях оба родителя должны нести одинаковую ответственность за воспитание детей и ведение домашнего хозяйства. При этом важно сохранение положительных семейных традиций и нравственно-духовных ценностей, характеризующих в том числе, этнокультурную идентичность. [6, с.1]

Для укрепления института семьи и улучшения благополучия всех членов семьи государственная семейная политика Казахстана способствует улучшению доступа и качества социальных услуг для семей с детьми, монородительским семьям; созданию рабочих мест с равным доступом и оплатой отпуска по уходу за ребенком для обоих родителей (одиноким родителей); искоренению бедности через адекватный уровень оплаты труда, пенсионных выплат и социальных пособий; продвижению принципов совместной ответственности внутри семьи.

#### **Список использованной литературы**

1. Стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006-2016 годы\\

Казахстанская правда. – 2005. – 3 декабря.

2. Закон РК от 8 декабря 2009 № 223 –IV «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин»  
[http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30526983](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30526983)

3. Закон РК «О профилактике бытового насилия»  
[https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30525680](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30525680)

4. Гендерное равенство в Казахстане (результаты социологического исследования). Алматы, 2008- 53 с.

5. Марикова Х., Набиева Г. Базовое исследование о продвижении принципов гендерного равенства в Республике Казахстан: Оценка плана мероприятий на 2006-2008 годы по реализации стратегии гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006-2016 годы. Астана: "А.Media Consulting", 2009-39 с.

6. Концепция семейной и гендерной политики в Республике Казахстан до 2030 года// <https://egov.kz/cms/ru/law/list/U1600000384>

**Жампеисов Даурен Абильтаевич**

аға оқытушы, daurxxvek@bk.ru

071400, Абая 94 көшесі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң  
университеті

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Түйін:** Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы отбасылардың құқықтық жағдайы мен балалардың құқықтарын қорғаудың институционалдық және құқықтық негіздеріне назар аударылған, сондай-ақ отбасы, неке, балалардың құқықтарын қорғау ұғымдары мен мағыналарына қысқаша құқықтық сипаттама берілген. Мақалада осы тақырып бойынша негізгі халықаралық құжаттарға талдау жасалады. Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы іс-әрекеттер бойынша "Қарамола ережелері" нормалары мен "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" ҚР Кодексіне салыстырмалы талдау жүргізілді.

**Түйін сөздер:** отбасы, балаларды қорғау, балалардың құқықтарын қорғау, тұрсыстық-отбасылық қатынастар.

**Аннотация:** В данной статье уделено внимание институциональным и правовым основам правового положения семей и защиты прав детей в Республике Казахстан, а также дается краткая правовая характеристика понятий и значения семьи, брака, защита прав детей. В статье приведен анализ основных международных документов по данной тематике. Проведен сравнительный анализ норм «Положения Карамолы» и Кодекса РК «Об административных правонарушениях» по противоправным действиям в сфере семейно-бытовых отношений.

**Ключевые слова:** семья, защиты детей, защита прав детей, семейно-бытовое отношения.

**Annotation:** This article focuses on the institutional and legal foundations of the legal status of families and the protection of children's rights in the Republic of Kazakhstan, as well as provides a brief legal description of the concepts and meaning of family, marriage, protection of children's rights. The article provides an analysis of the main international documents on this topic. A comparative analysis of the norms of the "Regulations of Karamola" and the Code of the Republic of Kazakhstan "On Administrative Offenses" on unlawful acts in the field of family and domestic relations was carried out.

**Key words:** family, child protection, protection of children's rights, family and everyday relations

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің заңдық мағынасында отбасы дегеніміз — отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы [1]. Отбасылық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы отбасылық құқық деп аталады. Отбасы-неке қатынасын реттейтін негізгі нормативтік құқықтық ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі болып табылады.

Егер неке тіркелмесе де, бірақ еркек пен әйел бірге тұрып, балаларын

тәрбиелеумен айналысып жатса, мұны да отбасы деп айтуға болады. Егер кәмелетке толған балалары ата-анасымен бірге тұрып, оларға қамқорлық жасап, материалдық көмек көрсетсе — бұл да отбасы. Егер кәмелетке толған ағалары мен қарындастары ата-анасыз бірге тұрып, бір-біріне қамқорлық жасайтын болса — бұл да отбасы. Адамдар арасында некеден, туыстықтан, бала асырап алудан, отбасына тәрбиелеу үшін бала алудан туындайтын қатынастар отбасылық қатынастар деп аталады. Бірақ отбасындағы қатынастардың бәрі бірдей құқық жөнімен реттеле бермейді. Отбасындағы қатынастар, негізінен, адамгершілік, игілік-өнегелік нормалары негізінде реттеледі. Бұл өзара құрмет, сүйіспеншілік, қамқорлық және имандылық қолдаудың көрінісі. Отбасылық өмір қалыбы, көбінесе ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға сүйенеді (үлкендерді қадірлеу, отбасын қамтамасыз ету оның басшысы ретінде толықтай ер адамға жүктеледі, туысқандарды қадірлеп, құрметтеу).

Отбасының ішкі мәселелері отбасы мүшелерінің өзара келісімі бойынша шешіледі. Егер ол мәселелер кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қатысты болса, оны шешуге балалар да қатыстырылады.

Жеке басындық қатынастармен салыстырғанда отбасылық мүліктік қатынастар құқық арқылы егжей-тегжейлі реттеледі, өйткені бұл қатынастардың объектісі материалдық игілік болып табылады. Отбасылық құқық азаматтық құқықпен тығыз байланысты. Мәселен, отбасылық құқықпен реттелмеген отбасы мүшелерінің арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттеуге азаматтық заңнама қолданылады, өйткені ол отбасылық-некелік қатынастардың мәніне қайшы келмейді.

Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың құқығы әрі міндеті. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

Қазақстанда мемлекеттік АХАТ органында тіркелген неке ғана танылады. Қазақстанда некеге тұрған кезде отбасылық қатынастарда әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тілдік немесе қай дінді ұстанатындығына қарай азаматтардың құқығын шектеудің кез келген түрлеріне тыйым салынады. Ерлі – зайыптылар қатынастарына туыстарының араласуына жол берілмейді.

2011 ж. 26 желтоқсанда «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы жаңа Кодексі қабылданды. Қазақстан Республикасы Неке-отбасы заңнамасы: отбасы мүшелері: ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы, ал Қазақстан Республикасының неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінде көзделген жағдайларда және шектерде басқа туыстар мен өзге де адамдар арасындағы құқықтар мен міндеттері, мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды белгілейді; некеге отырудың (ерлі-зайыпты болудың), некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтатудың және оны жарамсыз деп танудың шарттары мен тәртібін белгілейді; - жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың нысандары мен тәртібін айқындайды; азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу тәртібін реттейді; азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын

мемлекеттік органдардың функцияларын айқындайды [1].

«Неке (ерлі - зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексімен отбасы мүдделері мен құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін, оның дамуын Қазақстан Республикасы мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыты ретінде анықтай келе, неке-отбасылық (ерлі-зайыптылық) қатынастарын реттейтін мақсаттар, міндетер, принциптер және құқықтық негіздер анықталды.

Неке — отбасын құрудың негізгі болып табылады. Ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туындататын отбасын құру мақсатымен, заңда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты — неке деп түсінеміз.

Неке (ерлі - зайыптылық) және отбасы туралы кодекс жаңа бөлімдермен және тараулармен толықтырған; «Жеке өмірге қолсұқпаушылық, жеке және отбасылық құпия; «Патронат» - жетім балалар, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балалар қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен баланы (балаларды) тәрбиеге алуға тілек білдірген адам жасайтын шар бойынша отбасыларға патронаттық тәрбиеге берілетін тәрбие нысаны; Өмірлік қиын жағдайда жүрген бала (балалар) – "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тыныс-тіршілігі бұзылған және осы мән-жайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын бала (балалар); «Суррогат ана - суррогат ана болу шартына сәйкес тапсырыс берушілер үшін қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолданылғаннан кейін құрсақ көтеретін және бала (балалар) туатын әйел; «Суррогат ана болу» - сыйақы төлене отырып, суррогат ана мен ерлі-зайыптылар арасындағы шарт бойынша, күн жетпей босану жағдайларын қоса алғанда, бала (балаларды) көтеру және туу; Суррогат ана болу шарты- некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) және балалы болғысы келетін адамдар мен қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану жолымен бала көтеруге және тууға өз келісімін берген әйел арасындағы нотариатта куәландырылған жазбаша келісім; Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйым – Неке және отбасы туралы кодексте белгіленген құзыретіне сәйкес жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, балаларды тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген және қабылдаған Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына тәрбиелеуге орналастыруға жәрдемдесуді өтеусіз негізде Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын және осы Кодексте белгіленген тәртіппен осындай қызметті жүзеге асыру үшін аккредиттелген коммерциялық емес ұйым; Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасыларына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкі – жетім балалар, ата-аналарының



қамқорлығынсыз қалған балалар туралы, сондай-ақ жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасыларына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар туралы мәліметтер қамтылатын дерекқор; Көпбалалы отбасы – құрамында бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы және т.б. [1].

Баланың ата-аналарының, қорғаншы және қамқоршы органдардың, сот пен прокурордың емес, сонымен қатар өздерінің құзыреті шегінде ішкі істер органдары мен басқа да мемлекеттік органдардың қорғауына да құқықтары туралы нормалар заңнамалық түрде бекітілген.

Жұбайлардың балалардың мүліктік құқықтарын, соның ішінде алименттік міндеттемелерін қозғайтын нормалар реттелген, кейбір жағдайларда алименттік нормалар қатаңдатылды. Мысалы, Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде сот кәмелетке толмаған баланың мүдделерін ескере отырып, ерлі-зайыптылардың талап етуі бойынша қандай мүліктің ерлі-зайыптылардың әрқайсында берілуге тиіс екендігін айқындайды. Егер шарттың талаптары ерлі-зайыптылардың біреуін өте қолайсыз жағдайда қалдырса немесе осы некеден (ерлі-зайыптылықтан) туған немесе асырап алынған балалардың мүліктік құқықтарын бұзса, сот ерлі-зайыптылардың осы біреуінің талап етуі бойынша неке шартын толық немесе ішінара жарамсыз деп тануы да мүмкін.

Ата-аналардың қалауы бойынша баланың тегі ұлттық дәстүрлер ескеріле отырып, әкесі сияқты, анасы тарапынан да әкесінің немесе атасының аты берілуі мүмкін. АХАТ органның практикасында баланың атын (немесе) және тегінің өзгертуіне байланысты көп сұрақтар туындайды. Кодексте берілген мәселе толық реттелген. Сонымен, егер ата-аналары некенің ерлі-зайыптылықтың) бұзылуын тіркеуші органда ресімдеместен бөлек тұрса және бала өзімен бірге тұратын ата-анасы оған өзінің тегін бергісі келсе, тіркеуші орган бұл мәселені баланың мүдделеріне қарай және нотариатта ресімделген басқа ата-ананың тұратын жерін анықтау мүмкін болған, ол ата-ана құқықтарынан айрылған не олар шектелген, әрекетке қабілетсіз деп танылған кезде, сондай ақ ата – ана баланы күтіп-бағудан және тәрбилеуден дәлелсіз себептермен жалтарған жағдайларда, ата-анасының пікірі ескеру міндетті емес. Егер ата-аналары некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылуын тіркеуші органда ресімдей отырып, бөлек тұрса және бала өзімен бірге тұратын ата-анасы оған өзінің тегін бергісі келсе, тіркеуші орган бұл мәселені ата-аналарының екіншісінің пікірін ескерместен, баланың мүдделеріне орай шешеді.

Халқымыз “Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ” дегендей, өмір ұрпақ жалғастығынан тұрады. Табиғаттың кемелдігі сол, егер елде баласы да, жасы да, егдесі де, қарты да, қысқасы, барлық буын өкілдерінің тепе-теңдігі сақталмаса, үндестік пен үйлесімділік заңы бұзылады. Мысалы, 1885 жылғы Қарамола ережесі [2] мен 2014 жылғы

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне [3] салыстырмалы талдау жасасақ, Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер бойынша. «Ата-ананды сыйласаң, көп жасарсың, сыйламасаң жан қинарсың», «Ата сөзі-бата сөзі, ата сөзі-ақылдың көзі», «Әжеден- ақыл, анадан мейір» деген мақал-мәтелдер арқылы қазақ халқының ата-ананы, үлкендерді сыйлауға қаншалықты мән беріп, үлкен көңіл бөлгендігі анық көрініп тұр. Бірақ «бес саусақ бірдей болмайтынын» ескере отырып, құқық нормаларында көбінесе превентивті болып табылатын ережелер бекітілген. Қарамола ережесінің 32 бабында әке-шешелерінің ренжіткендерге жаза көзделетіні туралы айтылған, бірақ ол әке-шешесінің ықтияры бойынша ғана тағайындалған. Яғни қазіргі заманғы тілмен айтқанда, істердің жеке-жария айыптау санаттарына жатқызылған. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 73 бабында отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер, яғни құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – ескерту жасауға, не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Неке (ерлі - зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің мазмұнына назар аударсақ, мысалы: Ата-ана құқықтарынан айырылады егер балаға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде оған күш қолданса немесе психикасына зорлық жасаса, оның жыныстық тиіспеушілігіне қастандық жасаса; Бала асырап алудың күшін жою негіздерінің бірі болып асырап алынған балаға қатігездік көрсеткен жағдайда, асырап алынған балаға күш қолданған немесе психикалық зорлық жасаған кезде және т.б.; Агенттіктерді аккредиттеуді жүргізу тәртібі бойынша агенттік орналасқан мемлекеттің құзыретті органының баланың қайтыс болу, оған қатыгездік көрсету, оның ішінде балаға физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық жасау, сондай-ақ баланың жыныстық тиіспеушілігіне қастық жасау фактісі анықталған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына хабар беру туралы міндеттемесін; Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымның құқықтары мен міндеттерін айтатын болсақ жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйым отбасыға тәрбиелеуге орналастырған баланың қайтыс болу, оған қатыгездікпен қарау, оның ішінде балаға физикалық немесе психологиялық зорлық-зомбылықты жасау, сондай-ақ баланың жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғу фактісі анықталған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына және Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына хабарлауға тиісті деген нормалар бар.

Адам дүниеге келгеннен кейін оның өмірін, денсаулығын, тыныштығын біздің мемлекетіміздің Ата Заңы қорғайды. ҚР-ның Конституциясы - барлық Заңдардың негізгі басты құжаты. ҚР-ның Конституциясының 27 бабына сәйкес, неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті делінген [4].

Ата Заңымыздан басқа тікелей балалардың құқығын қорғайтын Бала құқықтары туралы конвенция (Нью-Йорк, 20 қараша 1989 ж.) [5], Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының жоғарғы кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы бекітілді [6]. Балалар құқықтары конвенция 1994 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бірінші халықаралық келісім болды. Көптеген заңнамалық актілер осы халықаралық келісімге сәйкес келтірілді. Балалар құқығы туралы Конвенция, біріншіден, балалардың жетістігі мен бостандығына кепілдік береді; екіншіден, баланын тұлға ретінде қалыптаса алатын жағдайларын анықтайды; үшіншіден, баланы құқықтың өз алдына жеке нысаны ретінде жариялайды.

ЮНИСЕФ –бұл Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры. ЮНИСЕФ қызметінің негізгі мақсаты – балалар құқығын қорғау және әр баланы қауіпсіз, салауатты және бақытты балалық шақ өткізу құқығын қолдау. ЮНИСЕФ атауы (UNICEF — United Nations International Children’s Emergency Fund, балаларға көмек көрсететін халықаралық төтенше қоры) 1946 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Екінші дүниежүзілік соғыс зардабын шеккен балаларға көмек көрсету үшін қор құруды шешкен. Кейіннен Қор БҰҰ Балалар Қоры деп аталып, ЮНИСЕФ аббревиатурасын сақтап қалды [7]. 1946 жылы құрылған және қазіргі уақытта 191 елдің мемлекеттік бағдарламалар мен Ұлттық комитеттермен жұмыс істеп жатқан БҰҰ-ның Балалар қоры әр баланың құқығы сақталатын әлемді құруға көмектесетін қозғалтқыш күш болып табылады. Қордың ең озық ойларды жүзеге асыра алатын ел ішіндегі көптеген серіктестеріне және де шешім қабылдауға жауапты азаматтарға әсерін тигізе алатын дүниежүзілік мәртебесі бар. Бұл ЮНИСЕФ-ті өркендеп келе жатқан ұрпақпен жұмыс атқаратын ұйымдармен қатар дүниежүзілік ұйымдар арасында ерекше ұйым етіп көрсетеді.

Мемлекет ата-аналардың, ал, егер олар болмаған жағдайда, қараушылардың балаларға қатысты өз міндеттерін тиісті деңгейде жүзеге асырып отыруларын қадағалауға алуға міндетті. Мысалы, мемлекет отбасы мүшелерін бір-бірін құрметтеуге және сыйлауға мәжбүрлей алмайды, дегенмен қоғамның кішкентай мүшелерін қатыгездік пен зорлық-зомбылықтан қорғай алады және оған міндетті.

Бала құқықтары, оның өміріне, дамуына, білімденуі мен тәрбиесіне қамқорлық қашанда бүкіләлемдік проблема болған. Қабылданған халықаралық құжаттарда (Бала құқықтары Декларациясы, 1959ж; Бала құқықтары жөніндегі Конвенция, 1989ж; Балалар тіршілігін сақтау, қорғау және оларды дамыту

Декларациясы, 1990ж; Ымырашылдық принциптері Декларациясы 1995ж; Әлем мәдениеті жөніндегі Декларация, 1998ж. және т.б.) қоғамда бала құқықтарының үстемдігін, оларда ымырашылдық, басқыншылыққа бармау сезімдерін оятып, тыңдай білу мен зер салуға үйрету қажеттігі жария етілді. Бұл құжаттарда хатталған бағдарламалар барша аймақтардағы барлық халықтар үшін теңдей маңызды да олар тарапынан бірдей орындалуы міндетті.

Бала құқықтары жөніндегі Конвенция және БҰҰ-ның басқа да тұғырлы құжаттарында жарияланған Ережелердің түпкі мәні – білім және тәрбие толығымен тұлға дамуына, сонымен бірге адамның құқықтарын және негізгі еркіндіктерін құрмет тұтуға бағышталуы.

Қазіргі уақытқа дейін Қазақстанда бала құқықтарын бекіту мен қорғауға бағытталған маңызды нормалардан тұратын бірқатар нормативтік-құқықтық актілер қабылданды: Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі [8]; 26 желтоқсан 2011 ж. – «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі. Осы Кодекс неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарын реттеудің мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын және құқықтық негіздерін айқындайды, отбасының дамуын Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыты ретінде айқындай отырып, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді [1]. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы. Осы Заң мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және Қазақстан Республикасы азаматтарының тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды [9]. Заңдағы жаңа нормалар ел, халық, қоғам болып отбасындағы жанжалға қарсы күресуге мүмкіндік береді. Бұл халқымыздың денсаулығы, өмірі және балаларымыздың болашағы үшін өте маңызды заң. Заң отбасылық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендердің құқығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздейді.

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы. Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді [10].

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылдың 14 желтоқсан айындағы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында балалар – қоғамымыздың ең қауқар және ең қорғалмаған бөлігі деп атап өтілді және мемлекет Қазақстан жерінде туылған әр баланы қорғауға

тиіс [11].

Мемлекет әрбір баланың аман-сау өсіп, жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады және өзіне есім мен азаматтық алуға құқылы. Әрбір бала өз отбасында, ата-анасымен бірге өмір сүруге құқылы. Бала мектепте кінәлі болғанда да оны ешкімнің ұрып жазалауға, кемсітіп қорлауға құқығы жоқ. Әрбір баланың ой-пікірі, ар-ождан және дін еркіндігіне құқығы бар. Бала өзі қалаған спорт түрімен шұғылдануға құқылы. Бала денсаулығын сақтауға, емдеуге құқылы. Бала өз ойын еркін айтуға құқылы. Ата-аналар өздерінің балаларын тәрбиелей отырып, оны қорғауға міндетті. Әлі жасы жетпегендіктен, әлі қабілеті толық қалыптаспағандықтан балалар өз мүдделерін өздері қорғай алмайды. Сондықтан ата-аналар, біріншіден, балаларының құқығын қорғауға міндетті. Бұл оның мүлкіне де, жеке басына да қатысты. Екіншіден, балалардың мүддесін қорғауға заң жүзінде белгіленетін құқық, мысалы, баланың мұрагер болу құқығы да жатады. Құқықты қорғауға баланың құқығын бұзуға жол бермеу үшін күресу мәселесі де қосылады. Ата-аналар өз балаларының заңды өкілі болып табылады. Ата-аналар өздерінің баласына былай да теріс қарамайтыны табиғи нәрсе.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. 2011 ж. 26 желтоқсанда «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексі
2. 1885 жылғы Қарамола ережесі.
3. 2014 жылғы 05 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі.
4. 1995 ж 30 тамызының Қазақстан Республикасының Конституциясы.
5. Бала құқығы туралы Конвенция (Нью-Йорк, 20 қараша 1989 жыл) Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің 1994 жылғы 8 шілдедегі “Бала құқығы туралы Конвенцияны ратификациялау туралы” № 77-13 қаулысы.
6. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.
7. <https://www.unicef.org/kazakhstan/media/646/file/>
8. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі.
9. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы.
10. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы.
11. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылдың 14 желтоқсан айындағы «Қазақстан-2050» стратегиясы.

**Ibragimova Flura Galimovna**

Candidate of Law, Head of the Department of Civil and Legal Disciplines of the  
Kazakh Humanitarian and Juridical Innovative University, Semey

**Lebed Valentina Ivanovna**

Candidate of Law, Head of the Department of Civil and Legal Disciplines of the  
Kazakh Humanitarian and Juridical Innovative University, Semey

## **SOCIO-LEGAL PROBLEMS OF DOMESTIC VIOLENCE AGAINST WOMEN IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**Түйін.** Қазіргі заманғы әлемде басты проблемалардың бірі - әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі. Зерттеу мақсатында тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу бойынша жағдай Шығыс Қазақстан Облысының оқу мекемелерінде, денсаулық сақтау және дағдарыс орталықтарында ақпараттық және алдын алу жұмыстар өткізілді. Мақала, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу және жою бойынша ұсынымдар береді.

**Түйін сөздер:** әйелдер, тұрмыстық зорлық-зомбылық, алдын-алу, қорғау, қоғам, құқық.

**Аннотация.** Проблема бытового насилия в отношении женщин - одна из основных проблем современного мира. В целях изучения ситуации по профилактике бытового насилия была проведена информационная и профилактическая работа в учреждениях образования, здравоохранения и кризисных центрах Восточно-Казахстанской области. В статье также даны рекомендации по предотвращению и искоренению семейно- бытового насилия в обществе.

**Ключевые слова:** женщины, насилие в семье, профилактика, защита, общество, закон.

**Annotation.** The problem of domestic violence against women is one of the main problems of the modern world. In order to study the situation of prevention of domestic violence carried out information and preventive work in educational institutions, health care and crisis centers in East Kazakhstan region. The article also offers recommendations on the prevention and eradication of domestic violence in society.

**Keywords:** women, domestic violence, prevention, protection, society, law

The problem of domestic violence is relevant all over the world. It is generally recognized that violence against women has no borders, it does not depend on the country's level of development, the degree of its well-being, and it is not associated with any social groups.

Since 1981, the entire world has celebrated 25 November as the International Day for the Elimination of Violence against Women. The historical background for this was an event that occurred in 1960 in the Dominican Republic, when, on the orders of the Dominican dictator Rafael Trujillo, three Mirabal sisters, who were political activists in the struggle for women's rights, were cruelly murdered [1]. On this day, international organizations and non-governmental public associations hold events aimed at drawing attention to this problem: training seminars, practical conferences, round tables, public events, etc. are organized. The essence of which is to draw the attention of the entire society, state and law enforcement agencies, and the mass media to the problem of domestic violence against women, to do everything

possible to help change negative stereotypes in family relations and behavior, and to convince modern youth of the inadmissibility of violent behavior in the family.

According to the UN, 35% of women and girls in the world experience suffer from some form of physical and / or sexual violence during their lifetime, while in some countries the consequences of violence against women persist for generations [2].

It is necessary to note Article 17 of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, which regulates that human dignity is inviolable, that no one should be subjected to torture, violence, or other cruel, degrading treatment [3]. This constitutional provision fully applies to cases of personal security from encroachments in the family.

According to Article 4 of the Law of the Republic of Kazakhstan "On the Prevention of Domestic Violence" (hereinafter - the Law), domestic violence can be expressed in the form of physical, psychological, sexual and (or) economic violence [4].

The peculiarity of domestic violence is that the offender is a person who is in a close family or marriage relationship with the victim, often dependent both financially and morally, who lives in the same living space, and has the opportunity of unhindered access to his victim. For this reason, women do not always apply to the relevant authorities for the protection of violated rights, which creates a strong confidence in their impunity for the criminal and aggravates the situation in the future. The mentality of Kazakhstaniaan women, as well as the level of their upbringing, based on the spirit of submission and unshakable respect for a man also provides unkind help in such cases.

In order to protect victims of domestic violence, the internal affairs bodies have the right to apply certain restrictions to persons who commit offenses in the sphere of everyday life by issuing protective orders.

For example, Article 17 of the Law provides that " measures of individual prevention of domestic violence are used to systematically purposefully influence the legal consciousness and behavior of the person who committed domestic violence, in order to prevent the commission of new offenses on his part and to ensure the safety of the victim." When choosing a particular measure, it is obligatory to take into account the individual characteristics of the person against whom they are applied, the nature and degree of public danger of the offenses committed by them [4].

Despite the existence of the law on the prevention of domestic violence and a number of related regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan on its prevention and assistance to victims of violence, the problems of preventing domestic violence do not find the necessary solutions.

As an example, we can cite the case of the cruel reprisal of the teacher of the capital school Svetlana Sadova in May 2015. For 20 years of marriage, the victim suffered abuse from her husband not only against herself, but also her children. Having decided on a divorce, she searched the thresholds of all instances with complaints, turning to the police, precinct stations, the Nur Otan party, wrote to the website of the President of Kazakhstan. She was forced to live in a center for the

protection of women from violence, as her ex-husband demanded to return, threatening to kill her and the children. He used to spy on the woman, constantly calling and threatening her. And on May 26, in the courtyard of school No. 25, he set fire to her, who died in the hospital on the fourth day from her burns. It should be noted that the ex-husband was registered in the Internal Affairs Department in the category of "family rowdy", and was also repeatedly brought to administrative responsibility for family scandals. However, these measures did not save the mother of four children from a tragic outcome [5].

On February 28, 2016, a cruel murder took place in the Amangeldy District Court. Before the start of the divorce process, citizen Bekibaev N. Zh. after verbal altercations, suddenly pulling a knife from the shin of his boot, stabbed 30 times with it in the abdomen of citizen Taubayeva Zh. A. Relatives and colleagues of the victim speak of her as a wonderful person, a highly qualified specialist. Her husband often beat her, insulted and bullied her. She made attempts to annul the marriage with him, but he strongly discouraged this, threatening physical violence. In order to carry out the plan, the unfortunate woman had to take a vacation and go to her sister, in order to hide from the despot-husband. But on the day of the divorce process, she received wounds from him that were incompatible with life. [6]

Thus, we can note a rather low legal awareness of male offenders, disregard for the interests of the victim and complete ignoring for protective regulations.

As the reasons for male aggression, psychologists identify many factors: this includes serious mental or behavioral disorders, alcohol and drug abuse, unjustified hopes, disadaptation, uncertainty in the future, various kinds of complexes, mental trauma received in childhood, misogyny (hatred of women), etc. The reasons for aggression can also be subjective factors, such as customs and national prejudices.

In any case, the objects of male aggression are close people: wives, elderly parents, young children. It is a terrible fact that often victims of systematic domestic violence do not attach value not only to their honor and their inviolability, but even to their lives. In the future, the victims themselves can form deviant behavior, and become participants in the committed offenses. This fact is especially evident in underage children, before whose eyes the aggressive attacks of the aggressor fathers flashed, causing them considerable mental suffering and psychological trauma.

Thus, we note that the manifestation of domestic violence in the family is caused by a whole complex of factors, the most significant of which is the socio-political and economic crisis, which results in a sharp social and property stratification, unemployment, the growth of social tension, the devaluation of many traditional moral values in society and the microenvironment, the latency and impunity of a significant part of domestic crimes, the tolerance of victims to domestic offenses, inefficient and weak activities of the law enforcement system and public institutions, that inevitably creates increased conflict in family and domestic relations and plays a significant role in the determination of domestic crimes [7, p. 6].

In Kazakhstan, special units for the protection of women from domestic violence were established in the internal affairs bodies in 1999. To help women who have suffered from domestic violence, police officers interact with specialized crisis



centers. On December 21, 2016, the standards for providing special social services to victims of domestic violence were approved. Only in 2015, 12 thousand women applied to crisis centers for help, and 3.5 thousand women were sent to these centers by police officers [4]. Crisis centers are designed to provide assistance to victims of domestic violence, which includes free legal and psychological consultations, medical examinations and treatment, the provision of temporary housing, extensive information and educational work, etc.

A single regulatory framework is not sufficient to effectively combat domestic violence. It is necessary to carry out systematic work of law enforcement agencies, public associations, religious organizations, political parties, etc.

In this regard, it is proposed to pay great attention to such spheres of activity as:

1) Educational work in the sphere of prevention of domestic violence, starting from school, in the form of the introduction in high school of disciplines related to the problem under study, conducting trainings with parents and children;

2) Development of a unified strategy between educational organizations, child protective services, health care and internal affairs bodies to eliminate cases of domestic violence;

3) Obligatory implementation of special trainings on the prevention of domestic violence for people who have submitted an application for marriage registration to the relevant authorities;

4) Development of an adapted version of legislative acts for illiterate people or people living in rural areas, with free distribution of brochures and leaflets.

Thus, we will be able to achieve public intolerance to the problem of domestic violence, reduce the number of latent offenses, and reduce the number of offenses in the family and domestic sphere.

#### **List of references:**

1. Mirabal sisters explained // <http://everything.explained.today>
2. <http://www.armradio.am/ru/>
3. Konstitutsiya Respubliki Kazakhstan ot 30 avgusta 1995 goda // <http://adilet.zan.kz>
4. O profilaktike bytovogo nasiliya / Zakon Respubliki Kazakhstan ot 4 dekabrya 2009 goda № 214-IV.№ 214-IV. <http://adilet.zan.kz>
5. <http://newstop.kz/news/1652/>
6. [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/muj-chasto-izbival-kollegi-ubitoy-jenschine-razvodom-313263/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/muj-chasto-izbival-kollegi-ubitoy-jenschine-razvodom-313263/)
7. Salman A. Protivodejstvie kriminal'nomu nasiliyu v sfere semejno-bytovykh otnoshenij: avtoreferat disser. ...kand. jurid. nauk - Bishkek-2011, "Altyn print" S. 26.

## ҚР-ҒЫ ОТБАСЫН, АТА-АНАЛАР МЕН БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

**Түйін.** Мақалада отбасын, ата-ана мен баланы әлеуметтік қамсыздандырудың қазіргі заманғы қазақстандық жүйесі туралы мәселелері қамтылған. Отбасы мен баланы, ата-ана мен бала жағдайын қолдау, нығайту және қорғаудың конституциялық-құқықтық кепілдіктерін толықтыру сұрақтары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** Отбасы, ата-ана, бала, көп балалы болу, әлеуметтік қамсыздандыру, баланы күту, тәрбиелеу, күтіп-бағу

**Аннотация.** В статье освещены вопросы о современной казахстанской системе социального обеспечения семьи, родителей и ребенка. Рассмотрены вопросы дополнения конституционно-правовых гарантий поддержки, укрепления и защиты семьи и ребенка.

**Ключевые слова:** Семья, родитель, ребенок, многодетность, социальное обеспечение, уход, воспитание, содержание ребенка

**Annotation.** The article highlights the issues of the modern Kazakh system of social security for families, parents and children. The issues of supplementing the constitutional and legal guarantees of support, strengthening and protection of the family and the child are considered.

**Keywords:** Family, parent, child, multiple children, social security, care, upbringing, child maintenance

Конституция ана мен әке және бала, отбасы мемлекеттің қорғауында екенін белгілейді. Конституцияның 27-бабы ана мен әке болуды тең қорғауды жариялай отырып, ата-ана жағдайындағы гендерлік теңдікті бекітеді [1].

Мемлекеттің отбасын, ата-ананы қорғауы ұйымдастырушылық, экономикалық және басқа да міндеттемелермен қатар тиісті шаралар мен кепілдіктер кешенін заңнамалық түрде жариялауды және іске асыруды қамтиды. Арнайы әдебиеттерде отбасы мен ата-ананы қорғаудың конституциялық ресми жариялану мазмұны туралы мәселе жеткілікті түрде егжей-тегжейлі зерттелген. Бұл анықтаманы әлеуметтік қамсыздандыру құқығы тұрғысынан қарастырылады.

Құқықтың барлық салалары негізгі және кешенді болып бөлінеді, Конституцияда бекітілген немесе бекітілуі тиіс. Конституция барлық құқық салаларының негізі, базасы және қайнар көзі болып табылады. Конституция қоғам мен мемлекеттің негізгі заңы, жоғары заң күші бар актісі бола отырып, республиканың конституциялық құрылысының негіздерін, жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздерін, мемлекет және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық мәртебесінің негіздерін бекітетін құрылтайлы, бастапқы нормаларды қамтиды; ағымдағы заңнама актілері конституциялық нормаларды жаңғыртады, дамытады және нақтылайды.

Кәметке толмағандар отбасымен қатар құқықтық категория ретінде айрықша көзге түсетін институттардың бірі. Елдегі әр-алуан сала реформаларының тиімділігі, артықшылығы немесе теріс ықпалы ең алдымен

осы әлеуметтік топтарға қатысты теңерілетіні мәлім. Кәмелетке толмағандардың, отбасының әлеуметтік-экономикалық, жеке сипаттағы және басқа да құқықтары мен бостандықтарының, заңды мүдделерінің қорғалуы, қамтамасыз ету және жүзеге асыра алу деңгейі қоғамдағы жалпы адам құқықтары мен бостандықтарының жай-күйін айқындау индикаторы іспеттес болады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, ата-аналардың конституциялық-құқықтық мәртебесінің қосымша міндеттері отбасының мемлекет тарапынан көмегіне теңестірілуі керек деп санаймыз. Мемлекеттің отбасын, ананы, әке мен баланы қорғауы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатын әлеуметтік-экономикалық шаралар кешенін көздеуі тиіс. «Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясаты қазіргі кезде экономикалық қиын жағдайларға байланысты халықтың аз бөлігінің ғана қызығушылықтарын қанағаттандырады. Сондықтан әлеуметтік қорғауды теңдестірудің қажеті жоқ. Әлеуметтік қорғауды қазіргі кезде халықтың көптеген бөлігі қажет етеді және де ол халықтың көп бөлігіне қатысты нақты жүзеге асады немесе әлеуметтік қорғау қоғамның аз қорғалған «әлсіз» бөліктеріне ұсынылады» [2].

Әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттің кепілдіктерін қамтитын ҚР Конституциясының негізгі нормасы 28-бап болып табылады. Осы норманы талдау келесі қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Негізгі Заңның 28-бабында аталған әлеуметтік маңызды фактілер: жасы, мүгедектік ауруы, асыраушысынан айрылу басталған кезде Қазақстан азаматтарының құқықтарының жиынтығы берілген. Қоғам үшін әлеуметтік маңызы бар жағдайлардың бұл тізімі ашық, ол заңдармен толықтырылып, нақтыланады. Қазақстан Конституциясы «әлеуметтік-кепілдік берілген заң моделіне жатады, әлеуметтік қолдау мен мемлекеттік көмек алу құқығын қоса алғанда, жалпы нормалар арқылы әлеуметтік мемлекет қағидаттарын қабылдау және әлеуметтік-экономикалық құқық кепілдіктерін бекіту арқылы әлеуметтік-экономикалық құқықтарды іске асыру кепілдіктерін көрсететін нормаларды қамтиды».

Конституциялық норма азаматтың заңды негіздер бойынша әлеуметтік қамсыздандыруға субъективті құқығын жариялауды қамтиды. Әрбір қазақстандық азаматтың әлеуметтік қамсыздандыру құқығын бекіте отырып, Конституция сол арқылы мемлекетке осы құқықты іске асыруға байланысты барлық қажетті мәселелерді заңнамалық шешу міндетін жүктейді.

Әлеуметтік тәуекелдердің түрлері Конституцияда аталғандардан басқа, заң деңгейіндегі НҚА белгіленуі тиіс. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы Қазақстан азаматтары үшін танылады. Нормада зейнетақының ең төменгі мөлшерінің кепілдігі бар, басқа төлемдер деңгейінде мұндай қамтамасыз ету жоқ.

Отбасын, ананы, әкені, баланы әлеуметтік қамсыздандыру конституциялық құндылық ретінде әлеуметтік қамсыздандыруға конституциялық субъективті құқықты жариялауға байланысты болады.

Соңғысын Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабында көрсетілген әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде материалдық төлемдердің жекелеген түрлеріне қазақстандық азаматтардың құқықтары жүйесін де, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін реттейтін өзге де заңдарды да тұжырымдауға болады. «Конституция азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы барлық заңнамалық актілердің негізі болып табылады» [3].

Отбасын, ата-ана мен баланы әлеуметтік қамсыздандырудың қазіргі заманғы қазақстандық жүйесі: асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақылар мен сақтандыру төлемдері, уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақылар, жүктілігі мен босануы бойынша, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша сақтандыру төлемдері, бала тәрбиелеп отырған отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, жекелеген көп балалы аналарды жеңілдікпен зейнетақымен қамтамасыз ету, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) жәрдемақыларды қамтиды.

Отбасын, ананы, әкені, баланы әлеуметтік қамсыздандырудың конституциялық-құқықтық базасын құру үшін бастапқы норма ретінде Қазақстанды әлеуметтік мемлекет ретінде жариялайтын Конституцияның 1-бабы болады. «Конституцияның 1-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін... әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Конституцияның I-бөлімінің бұл ережесі, Қазақстан, мемлекеттің мүмкіншілігіне қарай отырып, өзінің азаматтарына игілікті өмір сүру үшін және жеке адамның еркін дамуына жағдай жасауға міндеттеме алатын мемлекет ретінде дамуға ниет танытады дегенді білдіреді.

Демократиялық елдерде әлеуметтік мемлекеттіліктің қалыптасуы дамыған азаматтық қоғам мен қалыптасқан құқықтық мемлекеттілік, қоғамның барлық топтарының мүдделері үшін ұзақ мерзімді әлеуметтік саясатты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қуатты, тұрақты экономиканың жұмыс істеуі жағдайында болғанын атап өткен жөн. Қазақстан Республикасын әлеуметтік мемлекет ретінде бекіту міндеті қоғамдағы демократияның қалыптасуы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттіліктің қалыптасуының бастапқы кезеңінде тұрған өзге де жағдайларда ұсынылады. Конституция мемлекеттің қызмет қағидаты – бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық дамуды бекітті, бұл балалардың, отбасылық міндеттері бар адамдардың өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатының қолайлы кепілдігінің негізі болуға тиіс.

Мемлекеттің міндеті - адамдар арасындағы қатынастарда әлеуметтік әділеттілікті, теңдікті, адамгершілікті қамтамасыз ету. Бұл мемлекеттің әлеуметтік бағдарланған саясатын қажет етеді. Жеке тұлғаның мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретіндегі қадір-қасиеті идеясы қазіргі мемлекеттердің конституцияларында (Германия, Греция, Швейцария, Италия, Польша конституцияларында, адамның құқықтары мен бостандықтары туралы тараулар ашатын мақалаларда жеке адамның қадір-қасиетін құрметтеу қағидасы) бекітілген [1].

Қазақстанның әлеуметтік мемлекет ретінде бекітілуіне конституциялық ұстанымдарын ескере отырып, оның ең қымбат қазынасы адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады; Республика қызметінің негіз қалаушы қағидатын негізге ала отырып – бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық даму, сондай-ақ Конституцияға сәйкес адамның құқықтары мен бостандықтарын тану және оларға кепілдік беру; Қазақстанның қазіргі заманғы мемлекеттік әлеуметтік саясаты ең төмен күнкөріс деңгейіне сәйкес барлық танылған әлеуметтік негіздер бойынша ең төмен кепілдендірілген деңгейде әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларды ұсыну қажеттігіне негізделуі тиіс, ал әлеуметтік қорғаудың қосымша нысандары іс-шараларды қаржыландыру қаражат көздерін қалыптастыруға азаматтардың жеке қатысуымен қамтамасыз етілуі тиіс. Адамның қадір-қасиетін қорлау кедейлік шегінен төмен тұру, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болады.

Қазақстан Конституциясына сәйкес, балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-аналардың табиғи құқығы мен міндеті болып табылады. Алайда, баланы материалдық қамтамасыз ету жөніндегі отбасылық міндеттерді орындауға әлеуметтік төлемдер беру арқылы мемлекет тарапынан ең төменгі деңгейде кепілдік берілуі тиіс.

6. Yurchenko R. Primenenie sudami norm Zakona Respubliki Kazakhstan «O profilaktike bytovogo nasiliya»/ Kommentarij k Zakonu Respubliki Kazakhstan «O profilaktike bytovogo nasiliya» // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/T090000214> (24.11.2020)
7. <http://qamqor.gov.kz> (24.11.2020)
8. [https://www.inform.kz/ru/kuda-obraschat-sya-esli-v-sem-e-proishodit-nasilie\\_a3638862](https://www.inform.kz/ru/kuda-obraschat-sya-esli-v-sem-e-proishodit-nasilie_a3638862) (24.11.2020)
9. Domashnee nasilie nad zhenshchinami v stranakh Evropy // <https://sn.ria.ru/20130205/921209706.html> (26.11.2020)
10. Razieva D.B. Sovershenie amoral'nogo prostupka kak osnovanie uvol'neniya pedagogicheskikh rabotnikov po trudovomu zakonodatel'stvu Respubliki Kazakhstan: sotsial'no-pravovoj aspekt // «SCIENCE AND EDUCATION IN THE MODERN WORLD: CHALLENGES OF THE XXI CENTURY» materialy V Mezhdunarodnoj nauch-prak. konf. / sost.: E. Eshím, E. Abiev – Nur-Sultan, 2019 – 169 s. (24.11.2020)

**Раймбекова Жулдуз Еркиновна**

старший преподаватель кафедры гражданско-правовых дисциплин

КазГЮИУ

[zhuldyzraiymbekova@mail.ru](mailto:zhuldyzraiymbekova@mail.ru) +77074004707

## **МЕРЫ РЕАГИРОВАНИЯ НА РОСТ НАСИЛИЯ НАД ЖЕНЩИНАМИ В КОНТЕКСТЕ ПАНДЕМИИ COVID-19**

**Түйін.** Бейжің іс-қимыл платформасының қабылданғанына жиырма бес жыл толған 2020 жыл гендерлік теңдік үшін бетбұрыс кезең болуы керек еді. Оның орнына COVID-19 пандемиясының таралуына байланысты соңғы онжылдықтардағы қарапайым табыстардың өзіне де қауіп төндірді. Пандемия бұрынғы теңсіздіктерді күшейтеді, әлеуметтік, саяси және экономикалық жүйелердегі осалдықтарды ашып көрсетті, бұл өз кезегінде пандемияның әсерін күшейтті. Бұл мақалада COVID-19 пандемиясы аясында әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың өсуіне қатысты қолданылған шаралар қарастырылған.

**Түйін сөздер:** Зорлық-зомбылық, гендерлік теңсіздік, пандемия, коронавирус, тұрмыстық зорлық-зомбылық, ақысыз көмек.

**Аннотация.** 2020 год, посвященный двадцать пятой годовщине принятия Пекинской платформы действий, должен был стать переломным в деле обеспечения гендерного равенства. Вместо этого в результате распространения пандемии COVID-19 под угрозой оказались даже скромные успехи, достигнутые в последние десятилетия. Пандемия усугубляет существовавшее ранее неравенство, обнажая уязвимые места в социальных, политических и экономических системах, что, в свою очередь, усиливает воздействие пандемии. В данной статье рассмотрены меры реагирования на рост насилия над женщинами в контексте пандемии COVID-19.

**Ключевые слова.** Насилие, гендерное неравенство, пандемия, коронавирус, бытовое насилие, неоплачиваемый уход.

**Annotation.** The year 2020, marking the twenty-fifth anniversary of the adoption of the Beijing Platform for Action, was to be a watershed year for gender equality. Instead, the spread of the COVID-19 pandemic threatens even modest gains in recent decades. The pandemic exacerbates preexisting inequalities, exposing vulnerabilities in social, political and economic systems, which in turn exacerbates the impact of the pandemic. This article explores responses to the rise in violence against women in the context of the COVID-19 pandemic.

**Keywords.** Violence, gender inequality, pandemic, coronavirus, domestic violence, unpaid care.

Как во всем мире, так и в странах Европы и Центральной Азии, домашнее заключение и стресс, вызванные пандемией COVID-19, усугубили ситуацию, связанную с насилием в отношении женщин и девочек [1]. В большинстве стран женские организации, телефоны доверия и сотрудники, работающие на передовой, отмечают резкое увеличение количества звонков и сообщений от жертв насилия, живущих в изоляции и боящихся, что им некуда обратиться.

Например, в качестве мер реагирования Структура «ООН-женщины» провела гендерную экспресс-оценку потребностей 50 женских организаций гражданского общества и бенефициаров на Западных Балканах и в Турции, а также провела отдельную оценку услуг в восьми приютах в Боснии и Герцеговине. В Албании «ООН-женщины» запустила онлайн-кампанию по повышению осведомленности «изолированная, но не забытая» и совместно с



правительством страны открыла приюты и запустила видео в рамках кампании.

Региональная оценка основных факторов воздействия COVID-19 требует инноваций в предоставлении специализированных услуг для жертв насилия.

Хотя конкретные последствия пандемии COVID-19 все еще не до конца изучены, отчеты из стран показали, что в настоящее время женщины могут быть особенно уязвимыми. Согласно недавней публикации ВОЗ, COVID-19 и насилие в отношении женщин, риски насилия для женщин повышаются, поскольку ограничения на передвижение ограничивают доступ к услугам и защитным социальным сетям и сетям поддержки [1]. Виновные в насилии в отношении женщин могут также использовать ограничения на передвижение для дальнейшего контроля над членами семьи или супругами в одном доме.

Еще до пандемии коронавируса Всемирная организация здравоохранения приводила данные о том, что каждая третья женщина в мире подвергалась сексуальному или физическому насилию, в том числе со стороны партнера, за всю свою жизнь. Восемнадцать процентов женщин в возрасте 15 – 49 лет подвергались сексуальному или физическому насилию со стороны партнера в течение последних двенадцати месяцев. Сегодняшняя ситуация с коронавирусом значительно усугубила данную проблему. Например, во Франции число обращений на «горячую линию» по насилию возросло на 30 процентов с начала принятия мер «социального дистанцирования», с 17 марта. И точно такой же рост проследживается на Кипре – 30 процентов, в Сингапуре – 33 процента [2].

Насилие в отношении женщин носит латентный характер: менее 40 процентов женщин, которые испытывают насилие, обращаются за помощью в специализированные службы и менее 10 процентов из таких обращений идут в полицию [3]. Данный фактор требует принятия определенных мер, так как во многих странах либо нет законов о домашнем насилии, либо эти законы были менее эффективны и до коронавирусной инфекции. И пандемия стала катализатором, так как отмечалось выше, процент обращений на бытовое насилие в отношении женщин возрос.

Очень важно в этот период уделить особое внимание работе кризисных центров, особенно негосударственных. На территории постсоветского пространства таких центров не так много, и еще меньше – финансируемых за счет государства. Нужно, чтобы эти центры продолжали свою работу и были полностью обеспечены всем необходимым, чтобы принимать жертв насилия на время, которое им необходимо, чтобы найти способ либо разойтись с насильником, либо найти способ разрешения конфликта.

Необходимо также усилить коммуникационный компонент. Очень много сейчас насилия происходит в киберпространстве. Особенно в отношении молодежи. Все мы, в виду социальной дистанцированности находимся сейчас дома, использует социальные сети и иные инструменты в сети Интернет.

Поэтому важны коммуникационные кампании по ведению информационно-разъяснительной работы среди женщин и молодых девушек, чтобы они могли распознать признаки насилия в киберпространстве и

сообщить о них как можно раньше.

Учитывая повышенный риск насилия в семье и со стороны интимного партнера, из-за связанных с пандемией ограничений и усиления напряженности в семье, необходимо активизировать усилия для изменения правовой базы и введения новых форм защиты.

Поскольку женщины составляют 70 процентов рабочей силы в системах здравоохранения и социальной защиты и подвергаются более высокому риску воздействия вируса, необходимо уделять особое внимание их медицинским и психо-социальным потребностям. ООН разработала Аналитическую записку: воздействие COVID-19 на женщин и девочек [4].

В ней четко определены три сквозных приоритетных задачи:

1) Обеспечивать равную представленность женщин во всех видах деятельности по планированию мер реагирования и принятию решений в связи с COVID-19. Имеющаяся достоверная информация по всем секторам, включая экономическое планирование и реагирование на чрезвычайные ситуации, однозначно подтверждает, что политика, которая не предусматривает консультаций с женщинами или их включение в процесс принятия решений, просто менее эффективна и может даже причинить ущерб. Помимо отдельных женщин следует также обеспечивать представленность и поддержку женских организаций, которые зачастую первыми в общинах принимают меры реагирования.

2) Осуществлять прогрессивные изменения в области обеспечения равенства путем решения проблемы оплачиваемой и неоплачиваемой работы по уходу. В формальном секторе экономики работа по уходу, начиная от учителей до медсестер, в отличие от других секторов, не оплачивается. Дома женщины выполняют большую часть неоплачиваемой и невидимой работы по уходу. Оба вида работы являются основополагающими для повседневной жизни и экономики, но основаны на гендерно-дифференцированных нормах и неравенстве и закрепляют их.

3) Выбирать женщин и девочек в качестве целевой группы в рамках всех усилий по ослаблению социально-экономического воздействия COVID-19. В целях усиления равенства, расширения возможностей и усиления социальной защиты при разработке пакетов налогово-бюджетного стимулирования и программ социальной помощи важно использовать заранее продуманный комплексный подход, основанный на должном учете гендерных различий.

Эти три сквозных приоритетных задачи отражают недавний призыв Генерального секретаря к действиям в области прав человека, в котором выделены меры, которые в случае их осуществления окажут существенное воздействие на права женщин и девочек. Эти меры становятся особо важными в контексте пандемии.

Наряду с увеличением числа случаев насилия в отношении женщин оно приобретает новую сложную форму: заражение COVID-19 используется в качестве угрозы; злоумышленники используют неспособность женщин позвать на помощь или убежать; существует опасность того, что женщин выгонят на

улицу и им будет некуда идти. В то же время трудности испытывают службы поддержки. Судебные, полицейские и медицинские службы, которые первыми должны оказывать помощь женщинам, не справляются с огромным объемом работы, переориентировались на другие первоочередные задачи или не могут оказать помощь по другим причинам. Группы гражданского общества затронуты мерами обязательной самоизоляции или перераспределением ресурсов. Некоторые приюты для жертв домашнего насилия переполнены; другие были вынуждены закрыты.

В связи с этим ООН рекомендует[5] правительствам государств-членов ООН обратить особое внимание на меры, принимаемые правительствами для смягчения неблагоприятных последствий пандемии COVID-19 для женщин и девочек:

- включение в планы реагирования на COVID-19 профилактических мер и услуг в целях борьбы с насилием в отношении женщин;
- определение приютов для жертв насилия в семье в качестве основных центров оказания услуг и увеличение объема ресурсов, выделяемых им и группам гражданского общества, оказывающим первую неотложную помощь;
- расширение возможностей приютов для жертв насилия путем перепрофилирования других объектов, таких как незанятые гостиницы или учебные заведения, для удовлетворения потребностей в связи с карантином и учет соображений доступности для всех;
- выделение безопасных мест для женщин, в которых они могут сообщать о жестоком обращении, не привлекая внимания виновных лиц, например, в продуктовых магазинах или аптеках;
- оказание услуг в режиме онлайн;
- расширение информационно-разъяснительных кампаний, в том числе ориентированных на находящихся дома мужчин.

#### **Список использованной литературы:**

1. Responding to uptick in GBV in the context of the COVID-19 pandemic  
<https://www.who.int/health-cluster/news-and-events/news/Iraq-GBV-in-COVID-19-context/en/>
2. Защита женщин от насилия во время пандемии COVID-19  
<https://news.un.org/ru/audio/2020/04/1375702>
3. Аналитическая записка: воздействие COVID-19 на женщин и девочек  
[https://www.un.org/sites/un2.un.org/files/russian\\_brief\\_on\\_covid\\_and\\_women.pdf](https://www.un.org/sites/un2.un.org/files/russian_brief_on_covid_and_women.pdf)
4. Ежегодное совещание Рабочей группы СПЕКА по гендеру и ЦУР учитывающая гендерную проблематику политика для достижения ЦУР в контексте пандемии COVID-19: Критические и ключевые возникающие проблемы в регионе СПЕКА 27 октября 2020 год
5. [https://unece.org/fileadmin/DAM/Gender/SPECA\\_WG\\_Gender/Meetings/2020/Concept\\_Note\\_SPECA\\_WG\\_27\\_Oct\\_2020-ru.pdf](https://unece.org/fileadmin/DAM/Gender/SPECA_WG_Gender/Meetings/2020/Concept_Note_SPECA_WG_27_Oct_2020-ru.pdf)
6. [https://www.hrw.org/sites/default/files/supporting\\_resources/kaz\\_interior\\_ministry\\_replytohrw.pdf](https://www.hrw.org/sites/default/files/supporting_resources/kaz_interior_ministry_replytohrw.pdf)

**ОТБАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ АДАМҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-  
ЗОМБЫЛЫҚ: ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН ҚАУІП-ҚАТЕР  
ФАКТОРЛАРЫ**

**Түйін.** Отбасындағы әйел адамға қатысты зорлық-зомбылықтың мәселесі, кешенді бола тұра, көпетеген мүдделі ғылымдар үшін пәнаралық болады, теориялық және әдістемелік мәнін талап етеді. Мақалада отбасындағы әйел адамға қатысты зорлық-зомбылықты, отбасының мүшесі ретінде адамға зиян келтіретін және тұлға ретінде құқықтары мен бостандығына қол сұғатын, биліктік-күштік әрекет ретінде қарастырылады. Отбасындағы зорлық-зомбылықты құрылымы субъект-объектілі қатынас және әлеуметтік әрекет ретінде анықталады, оның деңгейі мен алғышарттар жүйесіндегі орны түсіндіріледі. Жекеше айтқанда, қазіргі Қазақстан үшін, қоғамдық өмірдің шарттары мен факторалары, бұл құбылыстың әлеуметтік қауіптілігі мен оның алдын алудың мүмкін болатын жолдары көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** отбасы, қоғам, зорлық-зомбылық, агрессия, әлеуметтік әрекет, биліктік-күштік әрекет, субъект-объектілі қатынастар, отбасылық қатынастар.

**Аннотация.** Проблема насилия по отношению к женщинам в семье, будучи комплексной, междисциплинарной для ряда заинтересованных наук, требует теоретико-методологического осмысления. В статье рассматривается насилие по отношению к женщинам в семье как властно-силовое действие, причиняющее вред (ущерб) человеку как члену семьи и ущемляющее его права и свободы как личности. Обосновывается структура насилия в семье как субъект-объектного отношения и социального действия, показывают его уровни и место в системе предпосылок. Условий и факторы общественной жизни, указывается на социальную опасность этого явления и возможные пути его предотвращения, в частности, для современного Казахстана.

**Ключевые слова:** семья, общество, насилие, агрессия, социальное действие, властно-силовое действие, субъект-объектное отношение, семейные отношения.

**Annotation.** The problem of violence against women in the family, being complex, interdisciplinary for a number of interested sciences, requires theoretical and methodological understanding. The article considers violence against women in the family as a power-force action that causes harm (damage) to a person as a family member and infringes on his rights and freedoms as an individual. The author substantiates the structure of domestic violence as a subject-object relationship and social action, shows its levels and place in the system of prerequisites. The author points out the social danger of this phenomenon and possible ways to prevent it, in particular, for modern Kazakhstan.

**Key words:** family, society, violence, aggression, social action, power-power action, subject-object relationship, family relations.

Әйел адамға қатысты зорлық-зомбылық әлемнің барлық елдерінде бар және қазіргі заманда күрделі шешілмеген мәселелердің бірі болып табылады. Орташа алғанда әрбір үшінші әйел өмірінде бір рет болса оған деген дәрекі қатынастың жәбірленушісі болады. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың себебі деп ер адамның отбасында бұл әдетті нәрсе ретінде болғанын көрсете аламыз. Сонымен қоса физикалық тұрғыдай әлсіз әйелдің есебінен мінездері әлсіз ер адамдар осылайша өзін таныту мүмкіндігін қосуға болады. Өте жиі еректер

әйелдерді есірткі құралдарының әсерімен немесе маскүнем күйінде ұрады. Көбінесе әйелдерді қызғаншақ, жауыз, психикалық түрде тұрақсыз тұлғалар ұрады. Әйелдердің құқығы халықаралық құқықтың адам құқықтары саласында ажырамайтын бөлігі болды. Ал әйел адамға қатысты зорлық-зомбылық – осы құқықтардың тікелей бұзылуы. Осыған байланысты үкімет және мемлекеттік органдар зорлық-зомбылықпен күресу үшін, отбасында жасалса да, шешу жолдар ойлап табу керек. Әйелдердің шағымдарына дұрыс қарамай, жәбірлеуші еркектердің әйелдерді ұрып соққаны үшін жауапкершіліктен оңай қашып кететін жағдайларды қолдай отырып, мемлекет зорлық-зомбылыққа қоса қатысушы болады. Халықаралық құқықтың нормаларына сәйкес, барлық мемлекеттерге нақты міндеттемелер жүктелген – мемлекет өкілдері жасаған болса да, мемлекеттік емес субъектілер жасаған болса да, әйелге қатысты зорлық-зомбылықпен күресуге шаралар қолдану. Кінәлілерді жауапқа тарта алмаушылық жаңа қылмыстарға жол беріп қана қоймай, қоғам үшін әйелге қатысты зорлық-зомбылық ол қолайлы жағдай деген белгі болып табылады.

Отбасындағы зорлық-зомбылық бүкіл әлемдегі елдерде кең таралған мәселе болып табылады. Жәбір көрген адамға физикалық, эмоционалды, қаржылық және әлеуметтік түрде күрделі салдарлар туғызады. Бұл тек қана отбасыға ғана емес, жалпы қоғамға да тікелей әсер етеді. Отбасындағы зорлық-зомбылық қауіпті әлеуметтік құбылыс болып табылады. Себебі ең әуелі әйелдердің, балалардың және қарттардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылады. Сондықтан азаматтарды отбасылық зорлық-зомбылықтан қорғау мемлекеттен – құқықтық, заңнамалық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық, медициналық және басқа да мәселер кешенің кідіртпей шешуін талап етуде.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық - отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі).[1]

Әйелдердің құқықтарын жүзеге асыру және олардың ер адамдармен қатар қоғам өміріне қатысуға негізгі кедергілері әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен оны жасаудың қаупі болып табылады. Алайда зорлық-зомбылық актілері жиі тіркелмеген және байқалмаған болып қалады, сондықтан оларға қатысты ешқандай шаралар қолданылмайды. Қоғамда жалпы қарбаластық пен зорлық-зомбылықтың өсуіне байланысты, әйелдердің үйде, жұмыста және қоғамдық орындарда қауіпсіздігі көбінесе әлсіз болады.

БҰҰ 1993 жылы қабылдаған Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты түбегейлі жою туралы декларация, «әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық» терминінің мағынасы жыныстық белгі негізінде жасалған және әйелдерге физикалық, жыныстық немесе психологиялық залал келтіретін немесе жапа шектіретін кез-келген зорлық-зомдылық іс-әрекеті, сондай-ақ осындай іс-әрекеттерді жасауға қожан-лоқы көрсету, қоғамдық немесе жеке өмірінде болсын мәжбүрлеу немесе ерікті түрде бостандығынан айыру дегенді білдіреді.[2]

Осы декларация әйелдердің құқықтарына қатысты негізгі халықаралық құжат болып табылады. Декларация мемлекеттерді келесілерге міндеттейді:

– Ұлттық конституцияларына немесе басқа сәйкес заңнамаға тең құқықтық қағидасын қосу, осы қағиданың орындалуын қамтамасыз ету;

– Әйелге қатысты барлық кемсітушілікті тыйым салатын шараларды, санкцияларды, заңнамаларды қабылдау;

– Әйелдердің заңды құқықтарын қорғауды еркектермен бірдей негізде бекіту, әйелді кемсітушіліктің кез-келген түрлерінен тиімді қорғауды құзырлы ұлттық соттар не болмаса басқа да мемлекеттік мекемелер арқылы қамтамасыз ету;

– Белгілі бір тұлға, ұйым немесе кәсіпорын тарапынан жасалған әйелге қатысты кемсітушілікті жою үшін барлық тиісті шараларды қолдану;

– Әйелге қатысты кемсітушілікті көрсететін тәжірибелер, әдеттер, ұйғарымдар, әрекеттегі заңдарды жою немесе өзгерту үшін барлық тиісті заңнамалық шараларды қолдану;

– Әйелге қатысты кемсітушілікті көрсететін қылмыстық заңнамалардың барлық ережелерін жою.

Әйелге қатысты отбасылық зорлық-зомбылық – тек қана әйелдің жеке мәселесі емес. Бұл адамның құқықтарының бұзылуы және әйелдерге қатысты кемсітушілік әрекеттер. Сонымен қоса Декларация мемлекеттен «еркектер пен әйелдердің рөлдерінің стереотиптілігі немесе жыныстың біреуінің аса басымдылығы, болмаса олқылығы санасына негізделген, барлық тәжірибелер және әдеттерді жою, ескі нанымдарды жоюға жету мақсатымен әйел мен еркектің жүріс-тұрысының мәдени және әлеуметтік моделін өзгерту».

Қоғамда әйел адамға қатысты зорлық-зомбылық ұзақ жылдар бойы бар. Ең алдымен отбасылық зорлық-зомбылықты атап өту керек, себебі зорлық-зомбылықтың бұл түрі әрқашан болған, бірақ әлеуметтік-психологиялық мәселе ретінде жақын уақытқа дейін мойындалмаған. Әйел адамға қатысты зорлық-зомбылық мәселесі соңғы үш онжылдық шамасында терең қарастырылуда, алайда зорлық-зомбылық ретінде нені айту керек екендігі туралы әмбебап көзқарастар, зорлық-зомбылықты бейзорлықтан ажырататын нақты тұжырымдар жоқ.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық айрықша өзгешелігі бар, яғни, ерекше шараларды қолдануды талап етеді. Бұндай зорлық-зомбылықтың жыныстық сипатта болуы айрықша анық; әйелдер, мысалы, көшеден қарағанда, ең көп қауіпке өз үйінде ұшырайды, және көбінесе жыныстық қол сұғушылық нысанында болады. Әйелдерге және қыздарға қатысты зорлық-зомбылық актілері олардың құқықтарының күрделі бұзылуы болып табылады және олардың физикалық және психикалық денсаулығына едәуір зиян келтіреді.

Көптеген авторлардың пайымдауынша, зорлық-зомбылық – интерактивті үрдіс. Оны түсіндіру үшін екі тараптың жүріс-тұрысын ескеру қажет. Зорлық-зомбылықпен келісу және оған дайындалу әлеуметтік оқудың нәтижесі – биографиялық тәжірибемен сәйкес қарастырылатын әлеуметтену болып табылады. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық туралы айта отырып,

Л.Берковиц жазады: бұл агрессивті жүріс-тұрыс және зиян келтіру үшін күшті қолданудың түрі; ауызша тіл тигізуден зорлау мен ұрып-соғуға қауіпті болуы [3].

Отбасылық жанжал отбасылық зорлық-зомбылық категориясына кіру үшін, бұл кем дегенде екі рет қайталануы қажет деп өз зерттеулерінде Л. Уокер алғаш рет атап өтті. Жанжал әдетте өз негізінде шешуге болатын белгілі бір нақты мәселені білдіреді. Зорлық-зомбылықтың «көне» түрінде отбасында бір адам басқа бір адамның сезімі мен жүріс-тұрысын үнемі бақылайды немесе бақылап және билік етуге оқталады. Бұның нәтижесінде зорлық-зомбылыққа ұшыраған адам психологиялы, әлеуметтік, экономикалық, сексуалды және физикалық зиян, шығын немесе жарақат алуы мүмкін [4].

Отбасылық зорлық-зомбылықтың маңызды ерекшеліктерінің бірі – уақыт уақытымен қайталатын зорлық-зомбылықтың көптеген түрлерінің (физикалық, сексуалды, психологиялық және экономикалық) оқиғаларын білдіреді деген О.Л.Данилованың көзқарасы бар. «Бұл жерде отбасылық жанжал мен зорлық-зомбылық оқиғасының арасындағы айырмашылықты анықтау маңызды: егер жанжал жергілікті оқшауланған сипатта болса, ондай зорлық-зомбылық жүйелік негізде болады және бір бірінен қайталатын оқиғалардан тұрады» [5].

Жанжал әдетте өз негізінде шешуге болатын белгілі бір нақты мәселені білдіреді деп айтуға болды. Отбасылық зорлық-зомбылық, керісінше, жәбір көрген тарапты бақылау мен билік ету мақсатымен болады. Жәбір көрсетуші зорлық-зомбылық актісінің әр түрлі себептерін көрсетуі мүмкін, бірақ оның бәрі шын мәнінде зорлық-зомбылықтың нақты себептерінің санының ішіне кірмейді. Жәбір көрсетушіні бағыттайтын негізгі күші – жұбына, баласына, отбасының басқа мүшесіне деген толық билікті бекітуге ұмтылу.

Әйелдерге қатысты отбасылық зорлық-зомбылықтың айрықша ерекшеліктері деп келесілерді атап өтуге болады:

1. Зорлық-зомбылық ол оның бірнеше рет қайталатын түрлерінің болуы (физикалық, жыныстық, психологиялық, экономикалық).

2. Отбасылық зорлық-зомбылықтың басқа агрессивті актілерден айырмашылығы әрекеттердің объектісі мен субъектісінің арасындағы қатынастардың ерекшелігімен сипатталады. Көшеде бейтаныс адаммен жасалған қылмыстан айырмашылығы - отбасылық зорлық-зомбылық ерлі-зайыптылар немесе жақын жұптар, бұрынғы жұбайы, ата-анасы, балалары, басқа туыстары, үйленгелі жүрген адамдар болып табылатын жақын адамдар арасындағы қатынастарда туындайды.

3. Әлемнің әр түрлі елдерінде жүргізілген зерттеулерге сәйкес, отбасылық зорлық-зомбылық нақты гендерлік мәселенің сипаттамаларына ие. Себебі көбінесе бұл бұзушылықтың жәбірленушісі тек әйелдер болып келеді.

4. Отбасындағы зорлық-зомбылық келтіретін қауіпті айтқан кезде, оның әрекетінің көлемдерін айтқан кезде, ескере кететін жайт, зомбылық әрекеттері тек қана бір адамға қарсы бағытталса да, онда отбасының басқа мүшелері «қайталама құрбаны» ретінде зерттеуші болады, яғни жәбірленуші көрген психологиялық салдарлардан әсер алған куәгерлер ретінде болады [6].

Әйелдерге қатысты физикалық зорлық-зомбылық әдетте балалары бар тұрақты ерлі-зайыпты жұптарында, яғни берекелі және барлық нормаларға сай отбасы титерінде болады. Отбасылық физикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер, шектен тыс шыдамға ие және жәбірлеушіге үнемі кешірімді болуға дайын. Бұл шыдамдылық экономикалық қиындық, балаларды әкесіз қалдырмау, еріне деген аяушылық, қоғамда құрметтен айырылуға қорқыныш сияқты сезімдермен байланысты. Л.Лейкман отбасында әйелге қатысты физикалық зорлық-зомбылық жағдайларын сипаттайтын ерінің ішімдікке құмарлық түрін психологиялық факторларға жатқызады [7].

Осылайша, зорлық-зомбылықтан туындайтын бұзушылықтар, тұрақты жеке өзгертулерге, арнайы отбасылық қатынастарды құруға, ерекше өмірлік бағдарларды жасауға әкеп соғатын құрылымдардың барлық деңгейін қамтиды. Отбасы адамдардың жеке өмірі ретінде жиі қарастырылса да, зайыбына деген зорлық-зомбылық адамдардың құқықтарының бұзылуын білдіреді. Сондықтан мемлекеттік органдар осы салада болатын жағдайларды оңтайландыруға қадамдар жасауға міндетті.

Билік басында отырғандар қоғамға қатысты маңызды шешімдер қабылдай отырып, отбасылық қарым-қатынастар саласында тәртіпті орнатпай, елде тұрақтылық және өркендеуге оңай жете алмайтынын ескеруі қажет. Отбасылық зорлық-зомбылық отбасы мүшелерінің физикалық және моральдың денсаулығына қауіп төндіру арқылы, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты бұзады. Осылайша, қазіргі уақытта отбасылық зорлық-зомбылықты жеңу бойынша жұмыстарды кем дегенде келесідей бағыттарда дамыту керек:

1. Білім беру және тәрбиелік бағыттар: мекемелердің ұжымдарын әлеуметтік, медициналық, құқық қорғау және басқа мақсатпен оқыту; мемлекеттің әлеуметтік қорғау жүйесіне зорлық зомбылықты алдын алу бойынша білім беру бағдарламаларын, тренингтер, арнайы курстар т.б жүргізу; күрделі әлеуметтік мәселе ретінде бұқаралық ақпарат құралдарын тарты;

2. Нормашығарушылық бағыт: отбасылық зорлық-зомбылық туралы заңнамаларды қарастыру; жәбір көрген адамның арыздарын беру тәсілдерін заң жүзінде реттеу бойынша құқықтық реформаларды қамтамасыз ету; жәбір көрушіні қорғау тәжірибелерін еңгізу;

3. Зерттеу және статистикалық бағыт: ғылыми зерттеулер жүргізу, статистикалық мәліметтерді жинау, зорлық-зомбылық фактілері туралы жалпы дерекқор жасау т.б.

4. Әлеуметтік-реабилитациялық және профилактикалық бағыттар: кризистік орталық жүйесін кеңейту, сенім телефоны қызметтерін ұйымдастыру, жәбірленушіге көмек көрсету жүйесін кеңейту (жұмыспен қамту, отбасылық терапиялар, қоғамдық баспаналар).

5. Ақпараттық бағыт: барлық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы осы мәселе туралы тұрақты ақпараттар беру, ақпарат берген жәбірленушілерді қорғауға кепілдік беру, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты осы мәселеге байланысты заңнамалар бар екендігі туралы хабарландыру.

6. Кешенді бағыт: мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өзара



байланыста болуы, мемлекеттің қоғамдық ұйымдарға қаржылық көмек көрсетуі, зорлық-зомбылықты алдын алуға кешенді шараларды қолдану қажеттілігі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы.
2. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты түбегейлі жою туралы Декларация Бас Ассамблеяның 48/104 Қарарымен 1993 жылы 20 желтоқсанда қабылданды.
3. Берковиц Л. Агрессия. Причины, последствия и контроль. — СПб., 2004.
4. Кочеткова С.В. Опыт анализа насилия в семье // Социс. — 1999. — №12.
5. Данилова О.Л. Психология восприятия насилия: культурный и гендерный аспекты // Практикум по гендерной психологии / под ред. И.С. Клециной. — СПб., 2003.
6. Социальная политика и социальная работа: гендерные аспекты: учебное пособие для студентов высших учебных заведений / под ред. Е.Р. Ярской-Смирновой. — М., 2004.
7. Лейкман Л. От теории к практике // Кризисный центр для женщин: опыт создания и работы. — М., 1998.

**ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ  
ЖӘНЕ ЖОЛЫН КЕСУДІҢ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ**

**АДМИНИСТРАТИВНО-ПРАВОВЫЕ МЕРЫ ПРОФИЛАКТИКИ И ПРЕСЕЧЕНИЯ  
БЫТОВОГО НАСИЛИЯ В ОТНОШЕНИИ ЖЕНЩИН**

**ӘӨЖ 34.047**

**Абдрахманов Медет Каучерханович**

Мемлекеттік құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ  
инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ. Почтовый адрес:

071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Жидебай 43

Ұялы. тел: 87751759817

e-mail: [medet-abdrahmanov@mail.ru](mailto:medet-abdrahmanov@mail.ru)

**ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-  
ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖОЛЫН КЕСУДЕГІ  
ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ШАРАЛАРЫ**

**Түйіндеме.** Бұл мақалада әйел адамдар мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың және жолын кесудің шетелдік және халықаралық ұйымдардың шешімдері мен тәжірибесін басшылыққа ала отырып ұлттық заңнаманы жетілдіру шаралары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** отбасылық зорлық-зомбылық, әйелге деген кемсітушілік, әйел адамдарға қарсы зорлық-зомбылығы, моральдық азап шегуі, халықаралық ұйымдар.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются меры по совершенствованию национального законодательства, руководствуясь решениями и опытом зарубежных и международных организаций в предотвращении и пресечении насилия в отношении женщин и домашнего насилия.

**Ключевые слова:** семейное насилие, дискриминация по отношению к женщине, насилие над женщинами, моральные страдания, международные организации.

**Annotation.** This article discusses measures to improve national legislation, guided by the decisions and experience of foreign and international organizations in the prevention and suppression of violence against women and domestic violence.

**Keywords:** domestic violence, discrimination against women, violence against women, moral suffering, international organizations.

Біріккен Ұлттар Ұйымы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты «қоғамдық немесе жеке өмірде болсын, әйелдерге физикалық, жыныстық немесе психологиялық зиян немесе азап келтіретін немесе жасалған кез-келген зорлық-зомбылық әрекеті» деп анықтайды. Covid-19 коронавирустық инфекциясы басталғаннан кейін әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық, әсіресе тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларының саны артып кеткеніне куә болып отырмыз. БҰҰ Бас хатшысының «әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты бірлесіп тоқтатамыз» атты ұзақ мерзімді науқанын қаржыландыру саласындағы кемшіліктерді жою, пандемия кезіндегі зорлық-зомбылық құрбандарына негізгі қызметтер көрсету, әйелдер мен қыздарға көмек көрсету жөніндегі қызметтердің әлеуетін нығайту үшін алдын алу шараларына және деректер жинауға баса назар аудару жөніндегі жаһандық іс-қимылдарды күшейтуге бағытталған. Жалпы, бүкіл әлемде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары көп жағдайда әйелдер болып табылады және бұл зорлық-зомбылықтың неғұрлым ауыр түрлерін бастан кешіретін әйелдер.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық әйел затының құқықтарын өрескел бұзу ғана емес бұл ғаламдық эпидемия, миллиондаған әйелдер мен қыздардың өмірі мен денсаулығына төнген кешенді қауіп болып отыр.

БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитеті өзінің № 19 және № 28 жалпы ұсынымдарында гендерлік зорлық-зомбылық көпшілік алдында да, жеке контексте де кемсідудің бір түрі болып табылатындығын атап өтті. БҰҰ-ның экономикалық, әлеуметтік мәдени құқықтар жөніндегі комитеті гендерлік теңдік туралы ережесі қатысушы мемлекеттерден «көбінесе әйелдер сияқты тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына қауіпсіз тұрғын үйге, құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізуді және физикалық, психикалық және эмоционалды зиянды өтеуді талап етеді» деп көрсетеді [1].

«Тұрмыстық зорлық – зомбылық», «отбасылық зорлық – зомбылық», деп айтылғанда, барлық адамдар әдетте қандай әлеуметтік құбылыс туралы болатынын түсінеді. Бұл дегеніміз, отбасының құшағында біреудің туысының немесе басқа жақын адамының жаман қарым-қатынасы салдарынан дене немесе моральдық азап шегуі және тіпті қайтыс болуы орын алады. Отбасындағы зорлық-зомбылық дегеніміз-физикалық немесе психикалық азап немесе мүліктік зиян келтіру қауіпін тудыратын отбасы мүшесіне қатысты қасақана жасалған әрекет. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу шаралары негізінен әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әлі негіз жоқ жағдайларда кездеседі.

Н. Ажгихинаның айтуынша, тұрмыстық зорлық-зомбылық жиілігін арттыру арқылы физикалық, жыныстық, ауызша, эмоционалды және экономикалық қорлау жақын адамдарға билік пен бақылау алу мақсатында деп айтқан [2].

Әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу оңай проблема болмай отыр және оны шешімі жан-жақты болуы керек. Шетелдерде отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу және шешу жолдары халықаралық және ұлттық тұрғыдан қарастырылады. Бұл мәселені шешуде барлық елге бірыңғай тәсіл қолданылмайды, себебі әр мемлекеттің халқының өзіндік айырмашылықтары бар.

Соңғы жылдарда отбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты заңнаманы талдау көптеген мемлекеттер халықаралық конвенциялардың ережелерін ресми түрде бекітуге ғана емес, сонымен бірге іс жүзінде халықаралық ұйымдардың тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және оған қарсы күреске қатысты ұсыныстарын орындауға тырысатындығын көрсетеді [3].

Бүгінгі таңда көптеген мемлекеттерде отбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты арнайы заңдар мен нормативтік құқықтық актілер енгізілсе, кей мемлекеттерде қоғам талабына сай қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Соның бірі Францияда «қоғамдық жерде бетті жауып жүруге тыйым салынады» осындай толықтырулар қылмыстық және әкімшілік кодекстерге енгізуде.

Көптеген шетел мемлекеттерінде осы мәселеге қатысты көптеген

зерттеулер жүргізілген мысалға, дәстүрлі және дәстүрлі емес отбасылар арасындағы зорлық зомбылықты айтуға болады. АҚШ, Канада, Австралия, Израил елдерінің зерттеуіне сәйкес ер адамның кінәсінен 40%-70% пайыз әйел адамдар құрбан болады. Сонымен қатар көптеген әйел адамдар сырттан көмек сұрауға сескенетіндіктері анықталды. Зерттеу нәтижесі бойынша 20%-70% пайыз әйел адамдар өзіне қатысты қатыгез қатынасты ешкімге айтпаған.

Тұрмыстық оның ішінде әйел адамдарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу немесе жеңілдетудің шараларын ұсынуға болады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсететін мекемелер тізімін қарастырсақ: ішкі істер органдары, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету орталықтары, медициналық ұйымдар, прокуратура органдары, адам құқықтары және бала құқықтары жөніндегі уәкілдер мекемелер, мемлекеттік билік органдары, халықты әлеуметтік қорғауды басқару органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және тағы басқа мекемелер болуы мүмкін.

Заң жобасына сәйкес, ішкі істер органдары үйдегі зорлық-зомбылық туралы кез-келген хабарламаларға: зардап шеккендердің өтініштеріне, куәгерлердің өтініштеріне, әлеуметтік қорғау органдары мен медициналық ұйымдардың мәліметтеріне жауап беруі керек. Арыздар тек орын алған фактілер туралы ғана емес, сондай-ақ зорлық-зомбылық қатерлері туралы да дереу қаралуы тиіс.

Әйел адамдарға қарсы зорлық-зомбылығы (физикалық, жыныстық және эмоционалды) әйелдерде физикалық, психикалық, жыныстық және репродуктивті денсаулықтың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді проблемаларына әкеледі. Зорлық-зомбылықтың бұл түрлері олардың балаларына дә әсер етеді, олардың отбасылары мен қоғам үшін айтарлықтай әлеуметтік және экономикалық шығындар тудырады. Мұндай зорлық-зомбылықтың салдарының нәтижесі мынадай болуы мүмкін:

- бұл кісі өлтіру және суицид түрінде өлімге әкелуі мүмкін;
- бұл жарақатқа әкелуі мүмкін;
- зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің 42% пайызы осындай зорлық-зомбылықтан алған жарақат туралы хабарлайды;
- мұндай зорлық-зомбылықтың салдары қажетсіз жүктілік, жасанды түсік, гинекологиялық проблемалар және жыныстық жолмен алынған инфекциялар, басқада жұқпалы ауруларға әкелуі мүмкін.

Зорлық-зомбылық орын алған отбасыларда өсетін балалар кейінгі өмірде зорлық-зомбылықты немесе оған сезімталдықты тудыруы мүмкін мінез-құлық және эмоционалды бұзылулардан зардап шегуі мүмкін. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу көп салалы тәсілді талап етсе де мұнда денсаулық сақтау секторы маңызды рөл атқарады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы серіктестермен ынтымақтастықта келесі әрекеттерді орындайды. Әртүрлі жағдайларда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың ауқымы мен сипаты туралы нақты деректер базасын жинақтайды және елдердің осындай зорлық-зомбылық пен оның салдарын құжаттау және өлшеу бойынша күш-жігеріне, оның ішінде тұрақты даму

саласындағы мақсаттарды мониторингтеу контексінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты өлшеу әдістерін жетілдіре отырып ықпал етеді. Бұл қызмет проблеманың ауқымы мен сипатын түсіну және елдерде жаһандық деңгейде практикалық шараларды ұйымдастыру үшін өте маңызды. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл бойынша денсаулық сақтау секторының тиімді іс-шараларын тексеру және анықтау үшін ғылыми зерттеулер жүргізеді.

Зорлық-зомбылық проблемасы бойынша жаһандық іс-қимыл жоспарын жүзеге асыруда елдер мен серіктестерге:

а) ақпарат тарату және әйелдердің денсаулығы мен құқықтарын нығайту саласындағы ұлттық күш-жігерге жәрдемдесу және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу қағидаттарына негізделеді.

б) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа ден қою саласында, оның ішінде ДДҰ құралдары мен басшылық қағидаттарын қолдану арқылы денсаулық сақтау секторының әлеуетін нығайту жолымен жүзеге асырылады.

Халықаралық мекемелер мен ұйымдармен әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты зерттеу, «барлығы бірге қыздарды қорғау» бастамасы, халықаралық акушер-гинекологтар федерациясының әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесі жөніндегі жұмыс тобы және БҰҰ-ның зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерге арналған негізгі қызметтер пакетіне арналған бірлескен бағдарламасы сияқты бастамалар шеңберінде зорлық-зомбылықты азайту және жою мақсатында ынтымақтасады.

Қорытындылай келе Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73 бабының 1 және 2 тармақтарындағы жауапкершілікті күшейту қажет яғни айыппұл қосу қажет деп санаймын. Айыппұл мөлшері 10 айлық есептік көрсеткіш шамасында және қоғамдық жұмысқа 15 тәулікке тарту көзделсе. Ішкі істер органының қызметкері жүргізетін құқық бұзушыға құқықтық ағарту және құқықтық ақпараттандыру шаралары және профилактикалық әңгіме шараларын жүргізу. Сонымен қатар Ішкі істер органдарының қызметкерлері тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты айыпталушыны арнайы тізімге алу және психологтың көмегіне жүгіну қажет. Тізімге сәйкес ай сайын бай бойы ішкі істер органының бақылауында болса. Отбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты отбасылық, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерінің үйлесімділігін анықтау қажет.

Отбасындағы әсіресе әйел адамдарға қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу барысында мәселені егжей-тегжейлі өте мұқият болу қажет. Себебі заңдарды дұрыс түсіндірмеу немес жеткілікті деңгейде білмеуі салдары өте ауыр болуы мүмкін. Мәселен болмашы отбасылық жанжалдар қайтымсыз салдарға, бұзылған тағдырға және балаларға психологиялық соққы болуы мүмкін. Әрбір жас отбасы тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымын, мәнін дұрыс түсінбеуі мүмкін. Әр мемлекеттің өзінді ерекшеліктері болады мәселен әдет ғұрпы, салт дәстүрі сондықтан отбасы жағдай өте нәзік проблемалардың бірі. Бірақ, екінші жағынан отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық

проблемасы шын мәнінде бар және жақындарына қатыгездік көрсету жағдайлары жазасыз қалмауы үшін заңнаманы жетілдіру қажет, деп есептеймін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Серия договоров Совета Европы - №. 210 Конвенция Совета Европы о предотвращении и борьбе с насилием в отношении женщин и домашним насилием Стамбул, 11.V.2011
2. См. более подробно: Ажгихина Н. Кто защищает женщин. - М., 1996.
3. Усиление ответных мероприятий на гендерное насилие в секторе здравоохранения Казахстана Материалы республиканских совещаний, проведенных партнерами при поддержке Фонда ООН в области народонаселения - ЮНФПА Астана 2011

**Душечкина Елена Владимировна**

старший преподаватель, Казахский гуманитарно- юридический  
инновационный университет, г.Семей e-mail: [LenaH14@mail.ru](mailto:LenaH14@mail.ru)

**Назарбаев Нурсултан Абдуллаевич**

магистрант 2 курса, Казахский гуманитарно- юридический  
инновационный университет, г.Семей

## **АДМИНИСТРАТИВНО-ПРАВОВАЯ ПРОФИЛАКТИКА БЫТОВОГО НАСИЛИЯ СРЕДИ НАСЕЛЕНИЯ**

**Түйіндеме.** Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Әкімшілік заңнамасы және тұрмыстық (тұрмыстық) зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің қызметі көрсетілген. Авторлардың нәтижелері бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасына ерекше көңіл бөлінеді деген қорытынды жасалды, сонымен бірге көптеген құқықтық актілер мен отбасын қолдау мен қорғауды жүзеге асыратын субъектілерге қарамастан, отбасылық-тұрмыстық жанжалдардың алдын алу проблемасы өзекті болып қала береді. Осыған байланысты, осы мақалада авторлар негізгі алдын-алу шараларын анықтады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық саласында өзекті етуді талап ететін құқық бұзушылықтардың алдын алудың алты негізгі шарасы (қорғау нұсқамасы, ерекше талаптар белгілеу, әкімшілік ұстау, тараптарды татуластыру, түзету бағдарламалары, ерте профилактика) айқындалды. Авторлардың пікірінше, алдын-алу шаралары кешенді және жүйелі болуы керек, олардың тиімділігі көбінесе тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу саласындағы барлық уәкілетті органдардың өзара әрекеттесуіне байланысты.

**Түйінді сөздер:** неке, тұрмыстық зорлық-зомбылық, тұрмыстық зорлық - зомбылық, құқық қорғау, алдын-алу, отбасылық құндылықтар, отбасы

**Аннотация.** В данной статье продемонстрировано административное законодательство и деятельность субъектов профилактики бытового (домашнего) насилия Республики Казахстан. По результатам авторами сделан вывод, что проблеме бытового насилия уделяется особое внимание, вместе с тем, несмотря на множество правовых актов и субъектов, осуществляющих поддержку и защиту семьи, проблема профилактики семейно-бытовых конфликтов остается наиболее актуальной. В связи с чем, в данной статье, авторами выявлены основные профилактические меры. Определены шесть основных мер профилактики правонарушений (защитное предписание, установление особых требований, административное задержание, примирение сторон, коррекционные программы, ранняя профилактика) в сфере бытового насилия требующих актуализации. По мнению авторов, меры профилактики должны носить комплексный и системный характер, эффективность которых в большей степени зависит от взаимодействия всех уполномоченных органов в сфере профилактики бытового насилия.

**Ключевые слова:** брак, бытовое насилие, домашнее насилие, правоохранительные органы, профилактика, семейные ценности, семья

**Annotation.** This article demonstrates the administrative legislation and the activities of subjects of prevention of domestic violence in the Republic of Kazakhstan. According to the results, the authors conclude that the problem of domestic violence is given special attention, however, despite the many legal acts and entities that support and protect the family, the problem of preventing family and domestic conflicts remains the most urgent. In this regard, in this article, the authors identified the main preventive measures. Six main measures of prevention of offenses (protective order, establishment of special requirements, administrative detention, reconciliation of the parties, correctional programs, early prevention) in the field of domestic violence that require updating are identified. According to the authors, prevention measures should be comprehensive

and systematic, the effectiveness of which depends more on the interaction of all authorized bodies in the field of prevention of domestic violence.

**Keywords:** marriage, domestic violence, law enforcement, prevention, family values, family

В соответствии с Конституцией Республики Казахстан права и свободы человека и гражданина признаются и гарантируются согласно общепризнанным принципам и нормам международного права. Осуществление прав и свобод человека и гражданина не должно нарушать права и свободы других лиц. Однако тревогу нашего общества вызывают факты совершения правонарушений в сфере семейно-бытовых отношений. Они совершаются не только в отношении членов семьи, но и родственников, близких, других совместно проживающих лиц.

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев отмечает, что важнейшей из приоритетных задач, стоящей на ближайшее время и долгосрочную перспективу, «остается защита законных интересов граждан... Серьезной корректировки требует профилактика правонарушений.

Предупреждение и пресечение правонарушений путем применения административно-правовых средств является одной из форм деятельности государственных органов.

Выявление причин и условий, способствующих совершению правонарушений в сфере семейно-бытовых отношений и лиц, склонных к их совершению в силу своего асоциального поведения, относится к раннему этапу профилактики правонарушений. В случае, когда у лица возникают намерения совершить правонарушение впервые, реализация которого может носить реальный характер, действия государственных органов по изменению такого поведения являются мерами по предупреждению правонарушений. Также предупредительная деятельность государственных органов направлена и на предотвращение со стороны отдельных лиц повторного совершения исследуемых правонарушений.

Предупредительное воздействие также может осуществляться путем применения административно-правовых средств. В связи с этим у государственных органов остро стоят вопросы о выборе того или иного средства в конкретных случаях, его объеме, условиях и порядке применения.

Основание для применения органами внутренних дел административно-правовых средств предупреждения является наличие достаточных, проверенных данных.

Предупредительная деятельность полиции осуществляется в основном на этапе формирования у потенциального правонарушителя умысла на совершение правонарушений в исследуемой сфере, так и в отношении лиц, ранее совершивших правонарушения. В этих целях сотрудниками полиции, реализуются определенные виды и формы административно-правовых средств-действий:

1) воспитательного характера (формы: профилактическая беседа, разъяснение и пропаганда положений законодательства, критика



антиобщественных поступков, меры общественного воздействия, вовлечение в социально полезную деятельность и т.п.);

2) средства организационного характера (формы: встречи и отчеты перед населением, информирование о результатах работы, обмен информацией и опытом, пресс-конференции, подготовка информационных обзоров, работа с общественностью, с администрациями общежитий и т.п.).

3) поквартирный/подворовый обход участкового уполномоченного полиции, вхождение в жилое помещение с согласия проживающих граждан, в том числе и для установления обстоятельств несчастного случая;

4) проверка мест хранения огнестрельного оружия, их владельцев на предмет соблюдения правил его хранения;

5) проверка документов и личный досмотр (например, посторонних лиц, распивающих спиртные напитки по приглашению одного из членов семьи при остром несогласии других); и т.д.

Әйелдердің құқықтарын халықаралық қорғаудың құқықтық негізі мемлекеттер қабылдаған халықаралық-құқықтық нормалар болып табылады. Бүгінгі таңда БҰҰ жүйесінде жиырмадан астам халықаралық конвенциялар қабылданды, олар қоғамдық өмірдің түрлі салаларында: саяси, экономикалық, әлеуметтік, білім беру және мәдениет салаларында әйелдердің және балалардың құқықтық мәртебесін реттейді. Әйелдердің және балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін құрылған арнайы халықаралық органдардың қызметін ұйымдастыруды және оны өткізу тәртібін реттейтін нормалар жүйесіне қосылады. Осылайша, нормативтік материал жинақталғандықтан, халықаралық құқықтың дамыған саласынан - адам құқықтарын қорғаудан бірте-бірте шығатындықтан, әйелдердің және балалардың халықаралық құқықтарын қорғау институты құрылды. Әйелдердің және балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған халықаралық-құқықтық нормалардың маңыздылығы, ерекшелігі және ауқымы олар тек қана жинақ емес, сонымен қатар әлеуметтік қатынастарды реттейтін жалпыға бірдей өзара ішкі нормалар жүйесі деп қорытынды жасауға негіз береді.

Алайда, әйел және бала құқықтары, олардың ерекшелігіне қарамастан, адам құқықтарынан бөлек қарауға болмайды. Қазіргі уақытта «әйел адам құқықтары» термині Батыс әдебиетінде және іс жүзінде қолданылады, бұл әйел құқықтарының адам құқықтарымен бірлікте екендігін дәлелдейді. Осылайша,

Адам құқықтары жөніндегі Екінші Дүниежүзілік Конференция әйелдердің құқықтарының жалпыға бірдей адам құқықтарының бөлінбейтін, ажырағысыз бөлігі екенін атап өтті. Әйелдер құқықтарын халықаралық реттеу тарихы Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін өткен үкіметтің өкілдерінің қатысуымен халықаралық конференцияларға негізделді. Д.Н. Коршунованың Монографиясында «Әйелдердің құқықтарын халықаралық қорғау» деп аталатын бірнеше конференциялар, олардың жұмысында әйелдер мәртебесін нақты талқыламағанымен, соған қарамастан кейбір әйелдердің проблемаларына тоқталды [1].

Әйелдер мен балалар адам құқықтары, адамның әмбебап құқықтарының бөлінбейтін, ажырағысыз және ажырамас бөлігі болып табылады. Халықаралық қоғамдастықтың негізгі мақсаттары - әйелдердің саяси, азаматтық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірге ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде толық және тең дәрежеде қатысуы, сондай-ақ жыныстық белгісі бойынша кемсітудің барлық нысандарын жою. Әйелдерді толығымен кеңейту үшін барлық әйелдердің құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық игеру қажет.

Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция халықаралық шарт болып табылады. Дегенмен, оны әйелдердің құқықтарын қорғау туралы кешенді құжат деп атауға болмайды, өйткені оның көптеген ережелері жеке әйелдердің құқықтарын және оларды жүзеге асыру кепілдіктерін реттеу туралы қолданыстағы халықаралық-құқықтық құжаттардың аясында қарастырылуы қажет. Конвенциямен қатар, адам құқығы бойынша басқа да әмбебап халықаралық-құқықтық актілер жұмыс істейді. Конвенцияның жекелеген ережелерін іске асыру осы қатысушы мемлекетке қатысты қолданылатын басқа да халықаралық-құқықтық актілердің тиісті нормаларына бірлесіп қолдануды көздейді. Олардың өзара қарым-қатынасы мынадай аспектілерде көрініс табуы мүмкін: халықаралық құқықтық құжаттардың ережелері Конвенцияда бекітілген нормативтерді белгілейді; халықаралық құқықтық актілердің нормалары әйелдердің құқықтарын іске асыруға көп ықпал етеді.

Ата Заңның 17-бабында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайтыны және ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге, жазалауға болмайтыны көрсетілген. Елімізде егемендіктің алғашқы жылдарында-ақ әлемдік стандартқа сай гендерлік теңдік қағидаттарын назарға алды. Елбасы бастамасымен құрамында парламент депутаттары, мемлекеттік құрылымдар, жоғары оқу орындары мен үкіметтік емес ұйымдар жетекшілері енген.

Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Он жылдан бері комиссияның ұйытқы болуымен қоғамдық-саяси бағытта қыруар жұмыстар атқарылып жатыр. Мемлекетімізде БҰҰ-ның «Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық түрлерін жою туралы», «Әйелдердің саяси құқықтары туралы», «тұрмыс құрған әйелдің азаматтығы туралы» конвенциялар және 60-тан астам адам құқықтары,

экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарға қатысты халықаралық деңгейдегі құжаттар ратификацияланды.

Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенцияға келсек, ол ең алдымен қолаң шаштылар теңдігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, мемлекетті әйелдерге қатысты кемсітуді болдырмау үшін заңнамалар мен саясатқа өзгерістер енгізуді міндеттейді. Мысалы, Конвенцияның 1-бабымен нәзік жандылардың барлық сайлауда ешқандай кемсітусіз ерлермен тең жағдайда дауыс беру құқығы берілген, ал 2-бапта олар жариялы сайлауды талап ететін барлық мекемелерде еркектермен бірдей сайлана алатыны нақтыланған. 3-бап әйелдерге еркектермен тең дәрежеде қоғамдық-мемлекеттік функцияларды орындауға құқық берді. Балалардың құқықтарын қорғау, барлық елдерде нысанына қарамастан қорғалады. Балаларды қорғау мәселесі бүкіл әлемдік қоғамдастықтар мүдделі ең өткір әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелердің бірі болып табылады. Бұл негізінен объективті мінез-құлық себептерімен түсіндіріледі, себебі баланың физиологиялық жетілмегендігінен арнайы құқықтар мен қосымша қорғауға мұқтаж. БҰҰ деректері бойынша, «кедейлік пен негізгі әлеуметтік қызметтерге қол жеткізудің жетіспеушілігі салдарынан, аурулардан және тамақтанбаудың себебінен, жыл сайын бес жасқа дейінгі 10 миллионнан астам бала және олардың жартысына жуығы өмір сүрудің алғашқы айларында құрбан болады; 100 миллион бала әлі күнге мектепке бармайды, олардың 60 пайызы қыздар» [3].

Конституциямыздың 27-бабында көрсетілгендей, неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекет қорғауында болады[4]. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-анасының етене құқығы әрі міндеті. Ата-аналар өз баласының денсаулығына қамқорлық жасауға, тәрбиелеуге құқығы бар және осыған міндетті. Бұл ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 138-бабында көрсетілген. Егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларына, сондай-ақ, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитыын жиырма бір жасқа дейінгі кәмелетке толған балаларына күтіп-бағу қаражатын ерікті түрде бермеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот тәртібімен өндіріп алынады. Занды тұрғыда, алимент – ол бір адам оны алуға құқығы бар екінші адам беруге міндетті ақшалай немесе материалдық қаражат. Аталған кодекстің 139-бабында кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшері белгіленген [2].

Жас буынның бүкіл адамзат қоғамдастығының кепілді өміршеңдігімен және болашақта оның дамуын болжаудағы шешуші рөлі сөзсіз. Жоғарыда аталған фактілер жеке мемлекеттің юрисдикциясында бар проблемаларды шешудің мүмкін еместігі туралы куәландырады, бұл халықаралық құқық субъектілерінің, ең алдымен, мемлекеттердің құқықтарын қорғау қызметін үйлестіруді қажет ететін, балалардың құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы. В. Овчинскийдің айтуынша, «жекелеген мемлекеттер қабылдаған шаралар жеткіліксіз болуы мүмкін. Балалардың құқықтарын қолдау

үшін барлық мүдделі тараптардың бірлескен тәсілі қажет» [5].

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын халықаралық қорғауды қалыптастыруда Э.Джебб Балаларды құтқару жөніндегі халықаралық одағының негізін қалаушы маңызды рөл ойнайды. Дегенмен, жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, халықаралық-құқықтық құжаттарға қарамастан, кейбір балалар әлі күнге дейін зорлық-зомбылықтың әртүрлі түрлерінен зардап шегеді [6]. Мұндай қол сұғушылықтар адам өмірінің мағынасына қайшы келеді, себебі балалар қорғансыз және толығымен ересектердің қолында. Бұл факт балалардың құқықтарын кепілді түрде қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімсіздігін көрсете алады. Қазіргі жағдайда біртұтас ішкі мемлекеттік әлеуметтік-құқықтық базаны құруды көздейтін жаһандық стратегияны іске асыру орынды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 .Лукашук И.И. Международное право, общая часть. Учебник. - М., 1996.
- 2 ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі
- 3 .Декларация и План действий «Мир, пригодный для жизни детей» (приняты Резолюцией S-27/2 специальной сессии Генеральной Ассамблеи ООН 10 мая 2002 года). [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/worldchild.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/worldchild.shtml)
- 4 .Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз.
- 5 В.С. Овчинский. Криминальное насилие против женщин и детей: международные стандарты противодействия: сборник документов / сост. М., 2008.
- 6 Бадалянц Ю. С. Права женщины и ребенка: история и современность: монография. Рязань, 2008.

**Заманбекова Арайлым Серікқызы**

Мемлекеттік – құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, құқық  
магистрі

e-mail: arai\_zamanbekova@mail.ru

## **ОТБАСЫДАҒЫ ЗОРЛЫҚ –ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ НЕГІЗДЕРІ**

**Түйіндеме.** Мақалада отбасында жасалған зорлық - зомбылық қылмыстары, олардың түрлері мен пайда болуы, отбасылық және тұрмыстық жанжалдарды жасау негіздерінің жіктемесі келтірілген. Сондай-ақ, зорлық-зомбылықтың отбасы өміріне кеңінен енуі, отбасының құлдырауы және отбасылық тәрбиелеу деңгейінің төмендеу мәселелері қарастырылған.

**Түйін сөздер:** зорлық - зомбылық, отбасы, құқық бұзушылық, әйелдер, алғы-шарттар, құқық, мінез-құлық

**Аннотация.** В статье приведена классификация насильственных преступлений, совершенных в семье, их виды и возникновение, основания совершения семейных и бытовых конфликтов. Также рассмотрены вопросы широкого проникновения насилия в семейную жизнь, распада семьи и снижения уровня семейного воспитания.

**Ключевые слова:** насилие, семья, правонарушение, женщины, предисловие, право, поведение

**Annotation.** The article presents a classification of violent crimes committed in the family, their types and origin, the grounds for committing family and domestic conflicts. The issues of widespread penetration of violence into family life, the decline of the family and the decline in the level of family education are also considered.

**Keywords:** violence, family, offense, women, preface, law, behavior

Зорлық-зомбылық - бұл жеке адамға, топқа немесе жалпы қоғамға қарсы, ол объект үшін бостандықтың барлық түрлерін шектеуге бағытталған, ол ашық немесе жасырын болатын физикалық немесе психологиялық әрекет.

Қазақстан Республикасындағы жалпы әлеуметтік және экономикалық ахуалдың қазіргі кездегі жағдайында отбасы ішіндегі зорлық-зомбылыққа қарсы іс-әрекет проблемасы өте өзекті. Ел үшін күрделі кезеңде келеңсіз үдерістердің дамуы тұрақсыздандыру құбылыстарына әкеледі, сол сияқты отбасына да келеңсіз әсерін тигізеді. Ерлі-зайыптылар арасындағы өзара қарым-қатынастардың үйреншікті қалпы бұзылды: отбасы өз тұрақтылығынан айырылды, айырылысу ерекше фактіден қалыптыға айналды, ата-ананың ықпалы әлсіреді. Туыстар арасындағы даулар жиі қылмысты сипатта: ұрып-соғудан кісі өлтіруге дейін орын алуда.[1]

Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық жағдайында, жалдамалы кісі өлтірушілер оғынан гөрі, туыстардың қолынан мерт болуы анағұрлым жиі кездесетіндіктен қоғамға үлкен қауіп төндіреді. Кез келген тұлға, оның ішінде кісі өлтіруші мен қарақшы тұлғасы да жанұяда қалыптасады, яғни сол жерде жасалатын, әсіресе құқыққа қайшы зорлық-зомбылық іс-әрекеттерінің маңыздылығы ерекше. Осындай жағдайларда отбасы адамның психологиялық қорғаныс орталығы рөлін атқара алмайды, тәрбиелеу функцияларын орындай

алмайды. Отбасы ішінде зорлық-зомбылықтың орын алуы және осы себептен жеке тұлғаның бала кезінде қолайсыз жағдайда қалыптасуы көбінесе қатыгездікті тудырады, келешекте балалардың құқық бұзушылық әрекеттерін жасауына итермелейді, қоғамға адамгершілік жағынан орны толмас зиян келтіреді.

Қазақстан Республикасы «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын-алу туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV РК заңын қарастырады. Заңға сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылық дегеніміз бір адамның отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы және басқа адамға қарсы қасақана заңсыз әрекеті [3].

Қазіргі кезде отбасы ішіндегі қылмыстық зорлық-зомбылық маңызды әлеуметтік проблемалар қатарына шығуда. Отбасы-тұрмыстық саласындағы қылмысты мінез-құлық өзінің едәуір таралуына орай қоғамға елеулі зиян келтіреді. Осы саладағы криминологиялық және қылмыстық-құқықтық зерттеулердің маңыздылығы адам құндылықтарының жүйесіндегі, адам тарихының өзінде отбасылық - тұрмыстық қарым-қатынастардың ерекше орнымен айқындалады. Бұл отбасы қоғам мен мемлекет тарапынан тұрақты әрі сенімді қорғауды мұқтаж ететін, қоғамның табиғи және басты ұясы ретінде әлем шеңберінен тануынан байқалады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл ұғымды профессор Д. А. Шестаков жақсы тұжырымдайды. Ол отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық қылмысы деп - отбасының бір мүшесінің басқа мүшесіне қарсы жасайтын, оның өміріне, денсаулығына, бостандығына, ар-намысына, абыройы мен жыныстық еркіндігі мен тәуелсіздігіне қол сұғатын қылмыс деп түсіндіреді.

Отбасы ішіндегі қылмыстық зорлық-зомбылық мән-жайларын анықтау – маңызды әрі өте күрделі міндет. Криминологияда қылмыс себептерінің проблемасы әрқашан да ғалымдар мен практиктердің қызығушылықтарын туғызады, өйткені бұл мәселені шешу криминологиялық теорияның ғылыми мазмұнын, оның қолданбалы бағыттылығын және құқық қорғау қызметінің негізгі жолдарын айқындайды [2].

Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық дүние жүзінің барлық елдеріндегі әр түрлі отбасыларында орын алады және отбасының барлық мүшелеріне қатысты жасалады. Алайда, жалпыланған санат болып есептелетін үйдегі зорлық-зомбылық ішінде жәбірленушілер мен құрбандар арасындағы қарым-қатынастардың табиғатын айқындайтын өзгеше санаттар бар екенін айта кету керек. Оларға, мысалы, балаларға, жұбайына немесе серіктесіне қатысты, сонымен қатар қарт адамдарға қатысты жасалған зорлық-зомбылықты жатқызуға болады.

Зорлық-зомбылықтың отбасы өміріне кеңінен енуі отбасының құлдырауына және отбасылық тәрбиелеу деңгейінің төмендеуіне әкелетін қолайсыздыққа ұшырататын келеңсіздіктер бар, бұл балалардың қараусыз қалуына әкеледі және кәмелетке толмағандар жасайтын құқық бұзушылық санының өсуіне (жеткіншектер маскүнемдікке, жезөкшелікке, сондай-ақ қылмыстық қызметке тартылады) мүмкіндік жасайды.

Жалпыланған санат ретіндегі үйдегі зорлық-зомбылық ішінде

жәбірленуші және құрбан арасындағы қарым-қатынастардың табиғатымен, сонымен қатар өмірлерінің жағдайларымен айқындалатын өзгеше санаттар бар екенін айттық. Мысалы: балаларға қатыгездікпен қарау; зайыбына немесе серіктес адамына қарсы бағытталған зорлық зомбылық [4]; қарттарға қатысты зорлық-зомбылық.

1995 жылдың 4-15 қыркүйек аралығында Пекинде өткен әйелдердің жағдайы жөніндегі «Теңдік, даму және бейбітшілік мүддесіндегі іс-әрекеттер» атты IV Дүние жүзілік конференция гендерлік проблеманы көтере отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының елуінші сессиясында Пекин декларациясы мен Конференция бекіткен Іс-әрекеттер платформасын қолдауды ұсынып, Пекин декларациясы мен Іс-әрекеттер платформасын бекітті.

Бірге тұруға және жезөкшелікке, педофилияға мәжбүрлеу, зорлау, алкогольизм және нашақорлық аясында тұрмыстық зорлық-зомбылық пен кісі өлтіру, жүйелі түрде ұру және психологиялық зорлық-зомбылық секілді әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық түрлерінің анық байқалатын нысандарын айтып өтіп, Қазақстандағы Отбасы жағдайын жақсарту тұжырымдамасы өз алдына мынадай мақсаттар мен міндеттерді белгіледі:

отбасының кез келген мүшесіне қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және оны жою; олардың құқықтарын қорғау.

Алайда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізудің барлық құралдары орындалды деп айтуға болмайды. Мысалы, отбасы ішіндегі зорлық-зомбылыққа қатысты адам құқықтары жөніндегі халықаралық-құқықтық нормалар мен құжаттар, атап айтқанда «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою (түбірімен құрту) туралы» декларация бекітілмеді, заңнаманың гендерлік сараптамасы жүргізілмеді.

Зорлық-зомбылықтың себептері өте көп. Олар социомәдени, психологиялық, экономикалық және өзге де факторлардың үйлесуімен айқындалады, олардың ешқайсысына осы құбылыс үшін жауапкершілік артылмайды.

Қоғамның мәдени дамуының жалпы деңгейі зорлық-зомбылықтың ең күрделі әрі маңызды себептерінің бірі болып табылады. Егер жыныстық зорлық-зомбылық мәселесі туралы айтатын болсақ, онда көптеген психолог-зерттеушілердің пікірінше, зорлау сонымен қатар биліктің де проблемасы. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық отбасы мен қоғамдағы ер адамдар мен әйел адамдар арасындағы тарихи қалыптасқан тең емес биліктік қарым-қатынас көріністерінің бірі болып табылады, ол ер адамдардың басым болуына және олардың тарапынан әйелдерге қатысты кемсітушілік көрсетуге алып келді. Алайда бұл жағдайда тек әйел ғана азап шекпейді, ер кісі де азап шегеді және ең алдымен, оған батылдық таптаурындары, соңғы уақыттары нағыз ер кісінің бейнесі кісі өлтірушімен, зорлаушымен, басқыншымен теңдестірілген фильмдер мен кітаптардың қиратушы толқыны ықпал етеді. Егер ер кісі мейірімді болса, онда ол бұқаралық ақпарат құралдары иландыратын бейнелерге сәйкессіздігін сезінеді. Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық, атап айтқанда, зорлауды немесе жыныстық езгіні бейнелейтін көріністер,



порнографияны қоса алғанда, әйелдер мен қыздарды жыныстық құмарлықтың заты ретінде пайдалану зорлық-зомбылықтың таралуына жәрдемдесетін факторлар болып табылады және қоғамның рухани өміріне, жыныстар арасындағы қарым-қатынастарға жағымсыз ықпал етеді. Ер кісі өзінің табиғатынан белсенді, басқыншы, ал әйел – енжар, қайырымды деген аңыз санамызға енгізілуде. Бірақ, расында да ер кісі әйелді кемсіте ме? Зерттеушілер жиі-жиі оның олай емес екені туралы қорытындыға келетін болды. Патриархаттық мәдениетке негізделен қоғам екі жынысты да кемсітеді және айла жасайды, ол қоғамның ізгіленуіне кедергі келтіреді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Джекебаев У.С. О социально-психологических аспектах.- Алма-Ата, 1971.
2. Сарсенбаев Т.Е. Теория и практика охраны прав и законных интересов беспомощных жертв преступления в досудебном производстве (по материалам Казахстана и России): автореф... д.ю.н.- М., 2005. – 52 с.
3. Побегайло А.Э. Семейное неблагополучие в системе детерминации преступного поведения несовершеннолетних: дисс. ... канд. юрид. наук. – М., 2007. – 30 с.
4. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

ОӘЖ 341.24.

**Ибрагимова Наргиз Ибрагимовна**

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Семей қ.

**Оторова Бактыгуль Каныбековна**

Ж.Баласағын атындағы ҚҰУ

з.ғ.к., мемлекет және құқық теориясы мен тарих кафедрасының доценті

E-mail: [narik\\_090@mail.ru](mailto:narik_090@mail.ru)

## **ӘЙЕЛДЕРДІ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ҚОРҒАУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ**

**Түйіндеме.** Нақты мақалада тұрмыстық зорлық-зомбылықтың сипаты, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау мәселесінің халықаралық деңгейде дамуы, әлеуетті құрбандар үшін қауіпсіз жағдайлар жасау, әлемде зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы істердің жағдайы, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықпен күресте осы мәселемен күрестің халықаралық-құқықтық тәжірибесі, әйелдер құқықтарын қорғауды, соның ішінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз ететін халықаралық деңгейдегі құқықтық тетіктер, зорлық-зомбылықпен күреске бағытталған алғашқы заңдар қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** халықаралық-құқықтық нормалар, тұрмыстық зорлық-зомбылық, гендерлік теңдік, отбасы, қоғам, алдын алу, қорғау.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются природа домашнего насилия, развитие защиты женщин от насилия на международном уровне, создание безопасных условий для потенциальных жертв, состояние дел в сфере предотвращения насилия в мире, международно-правовое регулирование в опыте борьбы с насилием в отношении женщин, международно-правовые механизмы, обеспечивающие защиту прав женщин, включая защиту женщин от насилия, и первые законы, направленные на борьбу с насилием.

**Ключевые слова:** международно-правовые нормы, домашнее насилие, гендерное равенство, семья, общество, профилактика, защита.

**Annotation.** This article examines the nature of domestic violence, the development of the protection of women from violence at the international level, the creation of safe conditions for potential victims, the state of affairs in the prevention of violence in the world, international legal regulation in the experience of combating violence against women, international legal mechanisms to ensure the protection of women's rights, including the protection of women from violence; and the first laws to combat violence.

**Key words:** international legal norms, domestic violence, gender equality, family, society, prevention, protection.

Жалпы зорлық-зомбылық және әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық халықтың жекелеген топтарына, мекендеу аймағы мен жергілікті жерге ғана тән емес, ол жаһандық сипатқа ие. Таралу көлемдерінің ұлғаюына байланысты әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау мәселесінің бүгінгі күні халықаралық деңгейде маңыздылығы артып отыр.

Әйелдер мен қыздарға қарсы зорлық-зомбылық әрбір құрлықта, әрбір мемлекет пен мәдени ортаның шешімі табылмаған проблемасы болып қала беруде.

Гендерлік зорлық-зомбылық ЕҚЫҰ аймағы мен бүкіл әлемде жалғасып келеді. Гендерлік зорлық-зомбылық отбасындағы зорлық-зомбылық, ерте және мәжбүрлі некелер, жыныстық зорлық-зомбылық әр түрлі нысандарда көрініс

табуы мүмкін. Бұл зорлық-зомбылық әлеуметтік және экономикалық санаттарына, этникалық және нәсілдік қатыстылығына, діни көзқарасына және білім деңгейіне қарамастан адамдардың барлық санаттарын қамтып отыр [1].

**Әлемнің көптеген аймақтарында әйелдерге қатыгездікпен қарау бұрынғысынша жасырылып келеді, мойындалмайды, маңыздылығы бойынша кейінге қалдырылады, оған шыдамдылықпен қарайды және ол тиісті мәдени норма және салт ретінде түсіндіріледі.**

Әлемде зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы істердің жағдайы бойынша 2014 жылғы баяндамасына сәйкес қазаға алып келмеген физикалық, жыныстық және психологиялық зорлық-зомбылықтың негізгі соққысы әйелдерге, балаларға және қарттарға тиеді: барлық ересектердің төрттен бірі балалық шағында зорлық-зомбылыққа ұшыраған; әрбір бесінші әйел балалық шағында жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған; әрбір үшінші әйел өмірінің әр түрлі кезеңінде жыныстық серігі тарапынан жасалатын физикалық және жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған [2]. Бұл ДДҰ-ның зорлық-зомбылықтың жаһандық таралуы туралы мәліметтерімен де дәлелденеді, соған сәйкес, әлемде әйелдердің 35 % өмірі барысында жыныстық серіктесінің тарапынан немесе басқа тұлғалар тарапынан жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Орта есеппен ер адаммен қарым-қатынаста тұратын әйелдердің 30 % өзінің серіктесі тарапынан физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылықтың қандай да бір нысанына ұшырайтыны туралы хабарлаған. Әлемде әйелдерді өлтірудің 38 %-на дейін фактілерін олардың жыныстық серіктестері жасайды.

Әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықпен күресте осы мәселемен күрестің халықаралық-құқықтық тәжірибесі елеулі маңызға ие. Әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз ету бойынша халықаралық-құқықтық тәжірибесі туралы айтқанда осы қорғауды бекітетін халықаралық-құқықтық нормативтік актілердің тұтастай кешенін, сондай-ақ әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз ететін ұлттық деңгейдегі құқықтық тетіктерді қарастыру керек.

Әйелдер құқықтарын қорғауды, соның ішінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз ететін халықаралық деңгейдегі құқықтық тетіктер адам құқықтарын қорғау бойынша халықаралық-құқықтық нормалардың қалыптасуы мен дамуы аясында жетілді.

БҰҰ-ның Сан-Франциско қаласында өткен бірінші Бас Ассамблеясы барысында әйел-делегаттар әйелдердің проблемаларына арнайы назар аударуды талап етті. Сол кезде құрылған Адам құқықтары бойынша комиссия жанындағы Әйелдердің жағдайы жөніндегі шағын комиссия нәтижесінде 1946 ж. БҰҰ-ның Әйелдердің жағдайын жақсарту бойынша Дүниежүзілік Экономикалық және Әлеуметтік комиссия жанындағы комиссиясы болып қайта құрылды.

БҰҰ-ның адам құқықтары саласындағы ең маңызды құжаттарының бірі болып 1948 ж. қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы табылады. Бұл құжатта отбасының құндылығы және оның қоғам дамуындағы

және әрбір адамды қалыптастырудағы ерекше рөлі айшықталған. Қоғам мен мемлекет тарапынан отбасы мүшелері мүдделерін қорғау басымдығы туралы халықаралық құқық нормалары Еуропаның көптеген дамыған елдерінің конституциялық заңнамаларында толық көлемде көрініс тапты.

Кейін БҰҰ Бас Ассамблеясы 1966 ж. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық актіні және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні қабылдады. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 10-бабына сәйкес қоғамның шынайы және негізгі бөлшегі болып табылатын отбасына мүмкіндігінше ең кең көлемді қамқорлық көрсетілуі және жәрдем берілуі тиіс. Нәтижесінде осы негіз қалаушы халықаралық-құқықтық құжаттар адам құқықтары саласындағы басқа да нормаларды жасауда қайнар көзге айналды. Қоғамның негізгі бөлшегі ретіндегі отбасын мемлекет тарапынан әлеуметтік-құқықтық қорғаудың басым сипаты туралы ереже Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының 1995 ж. 26 мамырда қабылдаған Адам құқықтары және негізгі бостандықтары туралы конвенциясында, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің көпшілігінің конституцияларында қамтылған.

XX ғ. 70-жж. көптеген елдерде жыныстардың некедегі және жұмыстағы теңдігі үшін күрес жандана түсті, жалпы тұлғаға қарсы және жекелей әйелге қарсы отбасындағы физикалық зорлық-зомбылыққа қарсы наразылық толқыны күшейді. Сонда әйелдердің үкіметтік емес ұйымдарының күшінің және осы мәселелерді әлеуметтік және гендерлік тұрғыдан зерттеудің нәтижесінде ерлі-зайыптылар арасындағы зорлық-зомбылық мәселесі анықтала бастады [3].

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1979 ж. 18 желтоқсандағы резолюциясымен әйелдер құқықтары саласындағы басты құжат болып табылатын «Әйелдерге қарсы кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы» конвенция (CEDAW) қабылданды және қол қоюға, ратификациялауға және қосылуға ашық деп жарияланды.

**1981 ж. Конвенцияның 17-бабына сәйкес Әйелдерге қарсы кемсітушілікті жою бойынша комитет ресми түрде құрылды, оның міндеттеріне қатысушы-мемлекеттердің Конвенцияның ережелерін жүзеге асыруын бақылау кірді. Конвенцияны қабылдау барысында әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық саяси мәселе ретінде қабылданды. Алайда № 19 Нұсқаулығында (1992) Комитет отырысының барысында әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық кемсітушіліктің бір түрі деп танылды.**

Комитет өзінің жалпы Нұсқаулығында «отбасындағы зорлық-зомбылық - әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың ең жасырын нысандарының бірі. Ол барлық қоғамдарда кең таралған. Отбасылық қатынастар аясында әр түрлі жастағы әйелдер ұрып-соғуды, зорлауды және жыныстық қылмыстардың басқа да нысандарын, психикалық террорды және зорлық-зомбылықтың әдет-ғұрыптық көзқарастардан қолдау табатын басқа да түрлерін қамтитын зорлық-зомбылықтың мүмкін болатын барлық түрлерінің құрбаны болатынын» түсіндіре отырып, маңызды қадам жасады.

Комитет әйелдерді отбасылық зорлық-зомбылықтан қорғайтын және

қолдайтын арнайы қорғау заңнамасын және құқық қорғау және сот органдары үшін гендерлік-бағытталған жаттығуларды енгізуді ұсынды. Бұл ұсыныс мемлекеттерді отбасылық зорлық-зомбылық актілері үшін қылмыстық заңнама мен әкімшілік санкцияларды қарауды және бұдан басқа «зорлық-зомбылық құрбандары үшін қолдау қызметтерін құруды» міндеттейді.

1992 ж. БҰҰ бақылау комиссиясын құрды және әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық фактілерін анықтау және мемлекеттік қылмыстардың алдын алу бойынша міндеттерін белгілеу бойынша арнайы міндетін тапсырды.

БҰҰ Бас Ассамблеясы 1993 ж. 20 желтоқсанда әйелдерге қарсы қатыгездікпен қарауға жол бермеу туралы ережелері адам құқықтары туралы халықаралық-құқықтық нормаларға енгізілген құжат – «Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы декларациясы» қабылданды.

Декларация «жария» және «үйде» жасалатын әрекеттерді жіктемей, «әйелдерге қарсы зорлық- зомбылық» терминіне кең түсіндірме берген бірінші халықаралық құжат болды. Декларацияның тарихи маңызы онда зорлық-зомбылық мәселесі белгіленіп қана қоймай, сонымен қатар әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықпен күрестің тәжірибелік шараларының да анықталуында болды. Ол мемлекеттер алдында мызғымас міндет - әйелдерді зорлық-зомбылықтың кез келген нысанынан қорғауды қамтамасыз ететін әрекеттердің ұлттық жоспарларын дайындау немесе сәйкес ережелерді қолданыстағы құжаттарға енгізу міндетін қойды.

1993 ж. БҰҰ түрлі мемлекеттерде жинақталған және басқа мемлекеттер үшін пайдалы болуы мүмкін ақпарат пен тәжірибені тарату үшін арнайы басылым - «Отбасындағы зорлық-зомбылықпен күрес стратегиясы: анықтамалық құралды» жарыққа шығарды. Сондай-ақ мұнда әлемнің бірқатар елдерінде қолданылатын тәсілдер ұсынылды [4].

**БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комиссиясының 1995 ж. 10 наурызда Женева қаласында өткен 51-сессиясы әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың барлық актілерін талқылады және барлық елдер үкіметтерін мұндай қылмыстардың алдын алу мен оларды жасағаны үшін жазалау міндеттерін қойды.**

1995 ж. 29 сәуір мен 8 мамыр аралығында Каирда БҰҰ Қылмыстылықтың алдын алу және құқық бұзушыларды күту бойынша конгресі өтті, онда басты тақырыптардың бірі отбасындағы зорлық- зомбылық мәселесі болды, «зорлық-зомбылық қылмыстылығының алдын алу саласындағы саясат үшін жауапкершілік жүктелген тұлғаларға отбасы басты назарда болуы керек» деп бекітілді. Бұл «әйелдер мен балаларға қарсы зорлық-зомбылық қазір де ең алдымен отбасыларда болатынымен» байланысты.

1995 ж. Әйелдердің жағдайы бойынша Дүниежүзілік төртінші конференция өтті. Пекин платформасында және БҰҰ Бас Ассамблеясының «Әйелдер – 2000: Гендерлік теңдік, даму және 21 ғасыр үшін бейбітшілік» атты қорытынды құжатында барлық елдердің үкіметтеріне әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша қажетті шаралар қолдану туралы үндеу бар. Конференция қатысушылары «отбасындағы әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық

ерлер мен әйелдер арасында тарихи қалыптасқан теңсіздік қарым-қатынастардың бір көрінісі болып табылады...» деп атап өтті, отбасындағы зорлық-зомбылық - адам құқықтарын бұзу, сәйкесінше, отбасының «жеке» проблемасы ғана емес, мемлекеттік деңгейде шешуді қажет ететін мәселе болып табылады. Сонымен қатар конференцияда отбасындағы, қоғамдағы және мемлекеттегі зорлық-зомбылықты жою бойынша міндеттерді шешуде кешенді және көппәнді тәсілдерді дайындаумен байланысты мәселелер қарастырылды.

Пекин конференциясынан кейін Пекин шешімдерін орындауда қол жеткізілген прогреске шолу жасау және бағалау мақсатында 1997 ж. 12 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы 2000 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясының арнайы сессиясы ретінде жоғары деңгейде пленарлық кездесу ұйымдастыруды қаулы етті.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 23 арнайы сессиясы «Әйелдер – 2000 жылда: ерлер мен әйелдер арасындағы теңдік, даму және 21 ғасырдағы бейбітшілік» тақырыбында өткізілді. Бас Ассамблея сессиясына БҰҰ-на мемлекеттердің тұрақты өкілдіктерінің қызметкерлерін қоспағанда 2300 делегат, сондай-ақ 2043 үкіметтік емес ұйым қатысты.

Жоғарыда атап өткендей, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаудың халықаралық-құқықтық тетіктерінің дамуы аясында осы саладағы ұлттық заңнамалар да дамыды.

Мемлекеттер халықаралық нормативтік-құқықтық базаның аясында әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықпен күрес жүргізу үшін шаралар, соның ішінде заңдар қабылдау арқылы қолдануы тиіс.

Зорлық-зомбылықпен күреске бағытталған алғашқы заңдар Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбританияда қабылданды. 1970-жж. мен 1980-жж. басында олар қолданыстағы қылмыстық кодекстерге соттық қорғаудың соттық қорғау бұйрығын көздейтін өзгерістер мен толықтыруларды енгізді және оны қамтитын жаңа заңдар қабылдады. 1990-жж. бастап көптеген мемлекеттер әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықпен күрес бойынша заңнамалық актілер қабылдады немесе қайта қарады. Бұл құқықтық реформалардың өздері күрес жүргізуге бағытталған зорлық-зомбылық нысаны, көзделген шаралар түрлері мен заңнаманың реформаланатын саласы бойынша елеулі айырмашылықтары бар. Бұл заңдар конституциялық, азаматтық, қылмыстық және отбасы құқығына тиесілі. Заңнаманың көпшілігінде бүгінгі таңда зорлық-зомбылықтың бір немесе бірнеше нысандары қарастырылады. Кейбір мемлекеттер әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық мәселесі бойынша кейбір құқықтық нормаларға өзгерістер енгізетін және қызмет көрсету мен басқа да алдын алушылық шараларды қабылдау үшін жағдайларды қарастыратын бір кешенді заңнамалық акт қабылдады, ал басқа елдер бұл мәселені кезеңдік реформаларды қабылдау арқылы шешеді [5].

Кейбір мемлекеттер нақты әйелдерге қарсы зорлық-зомбылыққа қатысты және бірнеше қорғау шараларын көздейтін жан-жақты актілерді қабылдады. Оған Америка Құрама Штаттарында 1994 ж. қабылданған «Әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық туралы» заңды жатқызуға болады. Заң полиция

қызметкерлерін, прокурорларды және соттарды оқыту, әйелдер приюттары және зорлаудың алдын алу бойынша бағдарламалары, «Қызу бағыт» ұлттық телефоны үшін федералдық қолдау алу құқығын ұсынды.

Мемлекеттердің әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық мәселелері бойынша заңнаманы қабылдауда елеулі ілгерілеуге қол жеткізгенімен, ол бұрынғысынша көптеген олқылықтар мен мәселелік аспектілердің болуымен сипатталады.

**Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасына сәйкес жүргізілген зерттеулері бойынша, әлемнің 97 мемлекеті отбасылық зорлық- зомбылық туралы заңнаманы дайындады және қабылдады.**

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. АҚШ өкілінің ЕҚЫҰ-да әйелдер мен балаларға қарсы зорлық-зомбылық мәселесі бойынша баяндамасы. Варшава (Польша), 2014 жыл 26 қыркүйек. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://ipdigital.usembassy.gov/st/russian/texttrans/2014/09/html#axzz3ohfAQmut>
2. Әлемде зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы 2014 жылғы жағдай жөніндегі баяндама. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [http://www.who.int/violence\\_injury\\_prevention/violence/status\\_report/2014/ru/](http://www.who.int/violence_injury_prevention/violence/status_report/2014/ru/)
3. Әйелдерге қарсы кемсітушілікті жою жөніндегі комитеттің баяндамасы. Жетінші сессия. — Нью-Йорк, 1988. — 135 б.
4. Зорлық-зомбылықпен күрес стратегиясы: БҰҰ анықтамалық құралы (ST/CSDHA/20). — Нью-Йорк, — 122 б.
5. Ко Мьяой. Разработка политики и правовой основы для прекращения насилия в отношении женщин: международный опыт. — [ЭР]. Режим доступа: <http://unfpa.by/ru/resources/gendernoe-ravenstvo/issledovaniya/>

**Қорғанбаева Еркеш Айдосқызы**

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Семей қ.

E-mail: [alima.asetova@mail.ru](mailto:alima.asetova@mail.ru)

**ҚАЗАҚСТАНДА ӘЙЕЛ ЖӘНЕ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Түйіндеме.** Нақты мақалада әйел мен бала құқықтарының Қазақстанда қорғалуының теориялық және құқықтық аспектілері қарастырылған. Әйел және балалардың табиғи құқықтары мен қатар саяси, азаматтық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірге ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде қорғалуы, сонмен қатар жыныстық белгісі бойынша кемсітудің барлық нысандарын жою мәселелері зерттелген.

**Түйінді сөздер:** әйелдер құқығы, бала құқығы, халықаралық конвенция, адам құқықтары, әйел және бала құқықтарының сақталуы және қорғалуы.

**Аннотация.** В данной статье рассмотрены теоретические и правовые аспекты защиты прав женщины и ребенка в Казахстане. Исследованы вопросы защиты естественных прав женщин и детей, а также политической, гражданской, экономической, социальной и культурной жизни на национальном, региональном и международном уровнях, а также ликвидации всех форм дискриминации по половому признаку.

**Ключевые слова:** права женщин, права ребенка, международная конвенция, права человека, соблюдение и защита прав женщины и ребенка.

**Annotation.** This article examines the theoretical and legal aspects of protecting the rights of women and children in Kazakhstan. The issues of protection of the natural rights of women and children, as well as political, civil, economic, social and cultural life at the national, regional and international levels, as well as the elimination of all forms of discrimination on the basis of gender, are studied.

**Key words:** women's rights, children's rights, international convention, human rights, respect for and protection of the rights of women and children.

Әйелдер мәртебесінде руға бөлінген көшпелілер тұрмысы мен дүниетаным образдары, еңбекті дәстүрлі бөлу, отбасы мен отбасыдан тыс жердегі міндеттемелер мен жауапкершіліктер, олардың бостандыққа анағұрлым бейімділігі, қауым мен қоғам мүшелері туралы көзқарасы көрініс тапты. Қысқаша айтсақ: көшпелі қазақтардың шағын әлемі мен үлкен әлемі, яғни олардың материалдық-рухани тарихы, мәдени даму деңгейі көп жағдайда қоғамда әйел мәртебесін анықтап берді [1].

Қазақ отбасында әйел мәртебесі сан қырлы. Ол отбасын сақтау, онда отағасы беделін жоғары ұстау, үлкен отбасы иелеріне, үлкендерге, туыскандарға құрметпен қарауға жол ашатын этиканың барлық нормаларын сақтауы тиіс еді, әрі сақтады.

Сонымен қатар отбасы ошағында әйелдердің ерекше рөлі мойындалды. «Жаман еркекті, жақсы әйел есіктен басын төрге сүйрейді», «Әйел – алтын басты қор ете алатын күш, бақа басты еркекті зор ете алатын күш» секілді мәтелдер көп жайытты аңғартады. «Отбасының бірлігі, тыныштығы ұрпақ – тазалығы» - әйел парызының құрамдас бөлігі еді.

Ата-ана шешімі бойынша, кей жағдайларда көшпелі қоғам, ру ұжымы



еркіне байланысты қызды құрал есебінде пайдалану тәртібінде орын алды: туысқандық байланыс орнату үшін, жауласушы тараптармен келісімге келу белгісі ретінде билеушілер гареміне берілді. Әдет-ғұрып құқығында «Судың түбін шым бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді» деген мәтел қазақтардың отбасылық әдет-ғұрып құқығы жөніндегі материалдарда қазақ қоғамында кең тараған «әмеңгерлік» деп алатын заңды күші бар ереже болды. Бұндай әдет «Ағасы өлсе, жеңге мирас» деген нормамен бекітілді. Оның мәнісі: ері немесе жігіті өлсе, оның әйелі немесе атастырылған қыз оның жақын туысқанына тұрмысқа шығуға міндетті, бұл жерде өзіне үміткерлер кезегі сақталады. Мұндай жағдайда жесірдің немесе атастырылған қыздың жария келісімі талап етілмейді. Дегенмен олардың пікірі де назарға алынады.

Балалардың құқықтары мен мүдделерін бұзу - ауырлататын жағдай болып саналады. Балалардың мүдделерін әрдайым ересектер қорғайды. Балалардың мүдделері халықаралық құжаттардың жүйесінде негізгі болып танылды және бекітілді, олар Қазақстан бірінші кезекте халықаралық стандарттарға сәйкес, ұлттық заңнаманы енгізді. Балалардың мүдделері халықаралық құжаттардың жүйесінде негізгі болып танылды және бекітілді, олар Қазақстан бірінші кезекте халықаралық стандарттарға сәйкес, ұлттық заңнаманы енгізді. Н.Ә. Шайкенов: «Заң шығарушының қоғам мен адамның іргелі мүдделері туралы хабардар ету фактісін ғана емес, сонымен қатар ішкі нормативтік құқықтық нормалардан тұрады және оларды жүзеге асыру үшін қаражат ұсынады, осылайша қоғамдағы саналы және ғылыми көзқарастар туралы білімді таратады, бұл білімді оңай қол жетімді етеді». «Заң әлеуметтік мүдделерді оңтайлы деңгейге көтеретін және өзгертетін әлеуметтік трансформатор ретінде қарастырылуы керек. Құқықтық нормаларды іске асыру мүдделер туралы заңда айтылған әлеуеттің өзіндік қозғалысының көзі болып табылады»[2]. Өзінің дамуында, дұрыс мүдделер үшін құқықтық мотивтік кезеңінен өту керек. Құқықтық мотив - бұл қоғамдық қатынастарды және оларды қамтамасыз ететін заңды нысандарды және әдістерді реттеу қажет болған жағдайда заңды қажеттіліктер мен мүдделер туралы хабарлаудың ерекше деңгейі болып табылады. Дамудың соңғы кезеңі - балалардың мүдделері , қажеттіліктері құқықтық ынталандыру арқылы мемлекеттік ерік-жігердің кезеңіне өтуі керек. Мемлекет тұтастай алғанда азаматтық қоғамның өзгеріп отырған қажеттіліктерін, бір деңгейдің үстемдігімен немесе өнімді күштерді дамыту мен алмасу қарым-қатынастарымен соңғы талдаумен анықталады. Демек, заң - белгілі бір мүдделердің өзара іс-қимылының нәтижесі және оны жүзеге асыру және жүзеге асыру құралдары. Мүдделердің, мотивтердің және мемлекеттік ерік-жігердің жалпы құрылысын анықтағаннан кейін біз оны балалар мүддесіне қолданамыз. Балалардың мүдделерін сипаттаудың ерекшелігі, олардың біраз уақытқа дейін қызығушылығы ересектердің, мысалы, ата-аналардың мүдделерінен бөлек өмір сүре алмайды. Балалар ересектердің қорғауын қажет етеді және ересектер сияқты өз мүдделерін білмейді және іске асыра алмайды. Мысалы, балалардың 14 жасынан бастап сот қорғауына құқығы бар, бірақ ата-аналарының немесе басқа заңды өкілдердің көмегі арқылы өз құқықтарын

қорғайды. Бұл жерде қарама-қайшылық жағдай қалыптасқан, себебі баланың ата-анасы бұзған өз мүдделерін қорғайтын нақты алғышарттары жоқ, себебі ол өз бетінше сотқа бара алмайды [3]. Біз балалардың мүдделері туралы әңгіме қозғағанда, ол жалпы ұғым болып табылады. Топтың қызығушылығы әрқашан өзінің нақты мүддесі бар нақты адамға ие. Бұл мүдделер заң нормаларында көрініс тапқан кезде олар белгілі бір адамдардың құқықтары, міндеттері ретінде көрінеді. «Өз мүдделері мен құқықтарына ие адам - тұлға, ал олардың негізгі қозғалыстары ретінде емес, сонымен бірге олардың негізгі тақырыбы ретінде әрекет етеді»[4]. Заңды түрде, балалар бірден заңды құқықтар мен міндеттерді иеленуші болып табылмайды, өйткені олар белгілі бір жасқа жету керек. Бірақ бұл олардың өз мүдделері жоқ дегенді білдірмейді. Бұл қайшылықты балалардың мүдделерін - ата-аналар, қорғаншылар, қамқоршылар, патронаттық мекемелер, мемлекеттік органдар, мемлекет мүдделерін қорғайтын ересек құқық субъектілерінің қызметі арқылы шешіледі. Конвенцияда бекітілген балалардың құқықтарын іске асыруға кепілдік беру және жәрдемдесу мақсатында Бала құқықтары туралы конвенцияның 18-бабында қатысушы мемлекеттер ата-аналар мен заңды қамқоршыларға балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындауда тиісті көмек көрсетеді.

Барлық адамдарға бірдей құқықтарды, оларды пайдаланудың нақты қабілетінің пайда болуын қамтамасыз ететін мемлекет әлеуметтік-психологиялық қасиеттердің дамуымен байланыстырады, 6-дан 18 жасқа дейінгі бұл жастағы әртүрлі жас шамаларын анықтайды, яғни оларды әлеуеті мен бейімділігі бойынша ерекшелендіреді. Сонымен қатар, адамның интеллектуалды және еріктілік қасиеттері осындай саралаудың өлшемі болып табылады, тіпті ескірген балалар заң жобасында да, іс жүзінде де өз мүдделерін білдіруде шектеулі. 16 жастан бастап олар 18 жастан бастап саяси партияларға дейін қоғамдық бірлестіктерге қосылуға құқылы. Ресейде Отбасы кодексінде «Кәмелетке толмаған балалардың құқықтары» атты жаңа тарау бар. А.М. Нечаев бұл ереженің маңыздылығын атап көрсете отырып, былай деп жазады: «Осылай ете отырып, мемлекет балаға оған көмектесуін сұрайды, оған айырылған құқықтан бас тартуға, тізімдерінен көтеруге және өзінің өмір сүруін жариялауға толық құқылы, оның мағынасында адам құқықтары отбасының ересек мүшелері»[5].

Біздің қоғамда балалардың мүдделерін жүзеге асырудың нақты механизмдері жоқ. Осындай шарттарды жасау қиын немесе олардың толық амплитудалық пікірін есту үшін мүмкін етеді. Балалар жасына байланысты және ересектерге тәуелді болғандықтан, олардың отбасы мен қоғамдағы құқықтарының бұзылуынан толықтай қорғалмайды, сондықтан кез келген мекеменің мүдделерін білдірмей, мемлекеттік және қоғамдық деңгейдегі балалардың мүдделерін қорғайтын құрылымды қажет етеді, биліктің заң шығарушы және атқарушы биліктерімен өзара іс-қимыл жасайды, балалардың мүддесі үшін барлық деңгейдегі үкіметтің шешімдерін қабылдауға қатысады. Демек, азаматтық заңда заңмен қорғалатын мүдделерді оның бастамашысынан ажырамайтын түпкілікті қорытынды - субъектінің өз мүдделерінің нәтижелерін

пайдалана отырып субъектіні «алмастыра алмайды», ал мүдделерді іске асыру процесінде субъектінің психикасының кемшіліктері басқалардың еркімен толтырылады. , ақылға қонымды және жалпы қабылданған талаптарды сақтау.

А.А. Матюхиннің айтуынша, барлық қолданыстағы азаматтық заңдар жүйесінде заң тақырыбы билеуші сыныптың «заңы» арқылы реттелетін және қорғалатын мүдделердің әрқайсысы болып табылады, тіпті егер ол жалпы ереже түрінде заңды ерік (билік) үшін алғышарт болып табылса да, тасымалдаушы мүддесі үшін заңмен танылған. Бұл психологиялық болмыс болмаған жағдайда, заң осы қоғамда жұмыс істейтін азаматтық-құқықтық жүйенің негізгі принциптерін бұзбай, басқа қабілетті азаматтық-құқықтық пәннің еркі бойынша ауыстырады [6].

О.Блохина балалардың мүддесі үшін саясаттың басымдылығы келесі қағидаттарға негізделуі керек деп санайды:

- баланың құқықтарын заңнамалық қамтамасыз ету;
- балаларды толыққанды оқытуды қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қорғау, қоғамда толыққанды өмірге дайындалу үшін отбасын мемлекеттік қолдау;

- осы көрсеткіштердегі аймақтық айырмашылықтарды ескере отырып, өмірдің негізгі көрсеткіштерінің мемлекеттік минималды әлеуметтік стандарттарын белгілеу және сақтау;

- баланың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған, оған зиян келтірген лауазымды тұлғалардың, азаматтардың жауапкершілігі;

- балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, қоғамдық бірлестіктерді және басқа да ұйымдарды мемлекеттік қолдау [7].

Бірдей заңды мүдделерді жіктеу әртүрлі. Бірінші деңгейдің мүдделері адам құқықтары болып табылады. Екінші - заңды мүдделер. Үшінші - заңды мүдделер. Заңмен кең және тар мағынада қорғалады.

Адамның заңды мүдделері құқықтар мен бостандықтардың түсінігі мен мазмұнымен тығыз байланысты. Адамның заңды мүдделері заңды тұлғаның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының мазмұнымен тікелей қамтылмайтын әлеуметтік төлемдерге заңды негізделген талаптары болып табылады. Заңмен қорғалатын мүдделер мемлекеттің, заңның құқықтары мен бостандықтарымен бірге қорғалады. Құқықтары мен еркіндіктерінен айырмашылығы, заңды мүдделердің мазмұны заң шығарушы тарапынан айқындалмаған. Жеке тұлғаның аты-жөні оның заңды мәртебесіне байланысты. Н.Ә.Назарбаев: «Конституция – бұл да ел рәміздерінің бірі. Сондықтан, негізгі заңды елдің туы, әнұраны, елтаңбасы сияқты қадірлеу, құрметтеу – біздің парызымыз» - деген. Әрбір адам өзінің де, өзгенің де заңына бағынуға міндетті. Әр мемлекеттің өзіне тән заңы бар. Құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін баланың құқығы заңмен бекітіледі. Құқық қорғауды ата-аналар, бағып-оқытып, тәрбие беру және қамқорлыққа алу органдары, сот, прокурор жүзеге асырады. Заң баланы озбырлықтың түрлерінен оның абыройын төмендетуден, ата-аналар тарапынан болатын қиянаттан қорғайды. Қазақстан

Республикасында балалардың мүддесі қорғала отырып, ондай ата-аналарды ата-аналық құқықтан және баланы бағып-қағуға беруден айыруға байланысты шараларды қолдану заңдық тұрғыдан қарастырылған.

Халықаралық балаларды қорғау күні 1949 жылы қабылданған. Халықаралық демократиялық әйелдер Федерациясының шешімімен бірінші халықаралық балаларды қорғау күні 1950 жылы өткізілді. Әлемдік балаларды қорғау күні – бұл гуманды және әділетті қоғам құру үшін қажетті жағдай ретінде ересектерге балалардың еркін өмір сүруі, білім алуы, күш көрсету мен психологиялық зорлық-зомбылықтан қорғау, балалар еңбегін пайдаланудан қорғау, құқығын сақтау керектігі туралы ескерту. Балаларды қорғау күні туралы іс-шаралар өткізіледі. Ондағы мақсат қоғам назарын балалар мәселелеріне, оларды түрлі қауіп-қатерден қорғауға аудару. 1959 жылғы БҰҰ балалар құқығын қорғау декларациясын қабылдады, ата-аналарды, мемлекеттік органдарды, жергілікті билік пен үкіметті, мемлекеттік емес мекемелерді, декларацияда жазылған балалардың құқығымен еркіндігін мойындауға және оларды сақтауға шақырды. Декларация тек ұсыныс сипатында болады, міндеттеу күші болады. Балалардың ең озық мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында Елбасы Н.Ә. Назарбаев бұл Конвенцияға қол қойды, оны үкіметіміз 1994 жылы ратификациялады. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы «Бала құқығы туралы» №345-ІІ Заңы қабылданды. Бала құқықтары туралы халықаралық Конвенцияда мемлекет әрбір баланың аман-сау өсіп, жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді, бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады және өзіне есім мен азаматтық алуға құқылы, әрбір бала өз отбасында, ата-насымен өмір сүруге құқылы, баланы ата-анасынан ажыратуға ешкім құқықты емес, бала тынығуға және мәдени демалға құқылы, әрбір баланың ой-пікірі, ар-ождан және дін еркіндігіне құқығы бар, бала өзі қалаған спорт түрімен шұғылдануға құқылы, денсаулығын сақтауға, емделуге, өз ойын еркін айтуға құқылы. «Қазақстан Республикасының балалар құқығын қорғау туралы» ҚР заңдарының талаптарына сәйкес, әрбір бала ҚР Заңдары мен Конституциясын сақтауға, басқалардың құқығын, ар-намысын құрметтеуге, ата-аналары жұмысқа жарамсыз болған жағдайда қамқор болуға, Республиканың мемлекеттік нышандарын, тарихи және мәдени мұраларды қорғап, тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтауға, табиғатты қорғап, табиғи байлықтарға жауапкершілікпен қарауға міндетті.

Уақыт тілін сәл шегеріп, 1920-1940 жылдары П.П.Блонский, В.И.Куфаев, П.И.Любинский зерттеулеріне жүгінсек, олар қылмыс жасаған жасөспірімдер – заң жағынан да зерттеуді қажет ететін басты объект екенін алғаш рет атап көрсеткен. Бұл авторлардың пікірінше, - жасөспірімнің қылмыстық әрекетке қадам басуына басты себеп – әлеуметтік факторлардың әсер етуі[8].

Қазіргі кезде жиі айтылып жүрген гендерлік теңдік деген сөз құлағымызға әбден сіңісті болған. Әйелдердің билікте немесе саясатта жүруі үйреншікті жәйт бүгінде. «Іскер ерлердің ассоциациясы» деген сөз құлаққа түрпідей естілер еді. Бұл ретте де нәзік жандылар белсенділік танытып, екі шылбыр, бір тізгінді қолдарына алып отыр. Бұлай болуы заңды да шығар.

Өйткені, бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен әйел-аналардың қоғам өміріндегі алар орны айрықша.

Бір айта кететін жайт, әйелдер мен балалар колониялары халықаралық түрме реформасы ұйымының басты назарында тұрған мекемелер санатында. Оларда шешімін таппаған түйіткілді жайлар көп бүгінде. Мәселен, әйелдерге арналған түрмелердің шалғай жерде орналасқандығынан жазасын өтеп жатқан жандардың отбасымен, туған-туыстарымен қарым-қатынастары үзіліп қалуда. Психологтар тарапынан жүргізілген сауалнамаға қатысқан әйелдердің 20 пайызы жұбайларынан зорлық-зомбылық көргендіктен, ал 10 пайызыға жуығы күн сайын бастарынан таяқ арылмайтындығын айтып, әбден ашынғандарын алға тартқан. Біздің елімізде сотталған әйелдердің үштен екісі алаяқтыққа байланысты қылмыс жасап, жазаға тартылғандар. Түрмедегі нәзік жандылардың 10 пайызда астамы ауыр қылмысқа (кісі өлтіру, денеге ауыр жарақат салу, пәтер тонауға қатысу) барғандар. Ал тағы бір бөлігі есірткі саудасын қыздырғаны үшін темір торға тоғытылғандар. Осы келтірілген мәліметтердің өзінен-ақ әйелдер тарапынан жасалып отырған қылмыстардың белең алып келе жатқандығын байқауға болады. Осыдан оншақты жыл бұрын абақтыға қамалған әйелдерге қатысты қылмыстық істерде «кісі өлтіргені үшін» деген бап жиі қолданылса, қазірде нәзік жандылар түрлі айла-шарғылармен ақша табудың жолын көздеп, белгілі алаяқ Остап Бендердің әрекеттерін үлгі тұтқан секілді. Салыстырмалы түрде айта кетсек, көршілес Қырғызстанда жағдай басқаша. Айыр қалпақты ағайындар елінде жазаға тартылған әйелдердің 20 пайызы кісі өлтіргендері үшін сотталғандар. Көпшілігі жанұядағы жанжалдың кесірінен өзінің ерін о дүниеге аттандырғандар [9].

Қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет саналатын гендерлік саясат туралы адамдардың күнделікті өмірдегі түсініктері әртүрлі. Мұны әйелден еркек жасау немесе жақсы әйел болу үшін еркек мінездес болу қажет деп түсіну бар. Дұрысы, гендерлік саясат әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу болып табылады. Елбасының «Гендерлік теңдікке қол жеткізудің 2006-2016 жылдарға арналған стратегиясының» мақсаты да сол, яғни, ерлер мен әйелдерді қоғамның бар саласында теңестіру. Бір сөзбен айтқанда, мұнда әйел табиғатының, мінез-құлқының жақсы жақтары қоғамның, мемлекеттік даму жолында пайдаға, асуы керек.

Қазақстанда адамның орташа өмір жасы 66,2 жылды, соның ішінде, ерлердікі – 60,6 жылды, әйелдердікі 72,0 жылды құрайды. Әйелдер ерлерден 11,3 жыл артық өмір сүретінін де айта кетейік. Статистикалық мәліметтер әйелдердің мемлекеттік қызметтегі үлесі 58 пайыз, бизнесті дамытудағы үлесі 455 пайыз екенін көрсетеді.

Алайда, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың негізгі құрбандары да әйелдер болып келеді. «Отбасы – шағын мемлекетте» тыныштық, түсіністік болса ғана елде тыныштық орнап, ешкім ауыр қылмыс жасауға бармайды.

Заңбұзушылықтың алдын алу үшін құқық бұзушыны жазалауға емес, отбасын қолдауға және сақтауға атсалысу керек. Жазаланғаннан ешкім ештеңе ұтпайды. Керісінше, шаңырақ шайқалып, шырылдап бала қалады. Әкімшілік заңнамада отбасылық-тұрыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны үшін тараптардың татуласуына қатысты іс жүргізуді қысқарту көзделген. Дегенмен, сот актілерінде ол тараптардың қандай себептермен татуласқаны жалпылама сөздермен айтылады. Шын мәнінде, кәсіби медиатордың қатысуымен шешілген дау отбасындағы мәселенің ушығуына жол бермейді, сол себепті, әкімшілік істерге медиатордың араласуы тиімді әрі отбасында әйелдерге жасалатын зорлық-зомбылықты азайтуға да септігін тигізеді [10].

Гендерлік саясатты мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты ретінде жүзеге асуы экономиканың, әлеуметтік саланың дамуымен, әйел мен ердің тең құқығының конституциялық принциптерімен қамтамасыз етілген. Гендерлік компоненттердің қоғам өмірінің барлық саласына белсенді қатысуы гендерлік теңдікке қол жеткізуге үлкен мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ, гендерлік саясатты тек қағаз жүзінде ғана емес, сонымен қатар, қоғамның өзімен қоғамдық ұйымдар, БАҚ және т.б. арқылы жүзеге асыруы тиіс екендігін түсінуі қажет. Айта кету керек, әйелдер қай сала да қызмет етпесін, өз беделімен бірге, сала жауапкершілігін де арттырып, жұртшылық құрметіне бөленуде. Әрбір істің қиыншылығы мен қызығы, жетістігі мен жемісі болады десек, әйел қолы тимеген жұмыс жоқ. Мемлекет қайраткері, батыр, ел басқарушысы болған көрнекті әйел тұлғалардың есімдері белгілі. Бұл елімізде әйелдер қауымының гендерлік теңдікке біршама қол жеткізгендігін білдіреді. Дегенмен, гендерлік теңдікке толықтай қол жеткізу үшін заңнамалық құжаттардың күші жеткіліксіз, өйткені, бұған негізінен халықтың менталитеті мен дәстүрі түсініктері де ықпал етеді [11].

Гендерлік саясаттың мақсаты - нақты гендерлік теңдікке жету. Бұл дегеніміз, барлық азаматтардың таңдау мүмкіндіктері мен өздерінің жеке қабілеттерін ешқандай шектеулерсіз дамыта алады, яғни стереотиптер мен дәстүрлі гендерлік жүйенің ықпалынсыз жүзеге асуы тиіс. Гендерлік саясатты жүзеге асыру демократияға жетудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Бұған дейін Қазақстанда гендерлік саясатты іске асыруды реттейтін бағдарламалық құжат «2006-2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясы», және «Отбасы және 2030 жылға дейінгі гендерлік саясат тұжырымдамасы» күшіне енген болатын [12].

Елбасы Н.Назарбаев қоғам өмірінің барлық салаларында гендерлік теңдік қағидаларын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіткені баршамызға аян. Кемсітушіліктердің барлық түрлерін еңсеруге бағытталған аталған тұжырымдамаға көз жүгіртсек, гендерлік теңдік мәселесінің саяси салмағының қаншалықты екендігін бағамдау қиын емес.

Бірінші кезеңде (2017-2019 жылдар) отбасылық және гендерлік саясатта қол жеткізілген нәтижелерді одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру көзделсе, екінші кезеңде (2020-2022 жылдар) Қазақстанның гендерлік

және отбасылық саясатының ұзақ мерзімді міндеттері мен іс-шараларын іске асыруды бастау жоспарланған. Ал, үшінші кезең (2023-2030 жылдар) еліміз дамыған отыз мемлекетке сай гендерлік саясатты қалыптастырып үлгеруі тиіс. Нәтижесінде, тіркелген некемен салыстырғанда ажырасқандардың үлесі 2020 жылға қарай – 32 пайыз, 2023 жылға қарай – 30 пайыз, 2030 жылға қарай 25 құрайды деп күтілуде. Сол сияқты, репродуктивті жасаған 1000 әйелге шаққанда аборттың коэффициенті төмендеуі керек. Әйелдерге қатысты тіркелген зорлық-зомбылық фактілерін 2020 жылға қарай – 20, 2023 жылға қарай - 30, 2030 жылға қарай – 50 пайызға азайту көзделген. Сондай-ақ, балаларға қатысты тіркелген зорлық-зомбылық фактілерін 2030 жылға қарай 50 пайызға дейін төмендету міндеті тұр. Бұдан бөлек, құжатқа сай ерлердің жалақысына қарағанда әйелдердің орташа жалақысының үлесі 2020 жылға қарай – 70, 2023 жылға қарай – 73, 2030 жылға қарай 75 пайызды құрайды деп жоспарлануда [13].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Қазақтың ата заңдары:С.З. Зиманов. Алматы «Жеті жарғы» 2006. 7-том.-2006-604 б-7 бет
- 2.Права человека для всех: Учеб. пособие / Под общ. ред. А.К. Мухтаровой. Алматы, 1999. —262 с.
- 3.Доклад о деятельности Уполномоченного по правам человека в Российской Федерации в 2001 году. М.: Юриспруденция, 2002. —416 с.
- 4.Интерес в публичном и частном праве. Научная конференция в Государственном университете — Высшей школе экономике II Журнал российского права , 2003. – с. 16-19.
- 5.Нечаева А.М. Россия и ее дети. М.: Наука, 2000. — 142 с.
- 6.Матюхин А.А. Государство в сфере права: институциональный подход. — Алматы: ВШП «Әділет», 2000. — 596 с.
- 7.Права человека: Учебник 1 Отв. ред. Е.А. Лукашева. М.: НОРМАИНФРАМ, 2000. — 573
- 8.Заң Республикалық құқықтық ғылыми-практикалық журнал № 1. 2017 жыл
- 9.Қазақстан әйелдері журналы №3, 2015 ж
- 10.Заң газеті қоғамдық-саяси, құқықтық газет №26(2951) 7сәуір 2017, 5бет
- 11.Заң газеті қоғамдық-саяси, құқықтық газет №30 (2955) 21 сәуір 2017 жыл 4 бет
- 12.[Гендерное исследование: как в Казахстане реализуется политика в отношении женщин и мужчин // zakon.kz URL: https://www.zakon.kz/4872564-gendernoe-issledovanie-kak-v-kazahstane.html](https://www.zakon.kz/4872564-gendernoe-issledovanie-kak-v-kazahstane.html)
- 13.Заң газеті қоғамдық-саяси, құқықтық газет №32 (2957) 28 сәуір 2017, 8 бет

Майшекина Эльдана Советовна

PhD доктор,

Қазақ инновациялық гуманитарлық –заң университеті, Семей қаласы

Eldana\_18@mail.ru

## ОТБАСЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

**Түйіндеме.** Мақалада тұрмыстық зорлық –зомбылықты құрбаны әйел адамдардың қиын жағдайда түскенде, оларға мемлекет және қоғамдық ұйымдардың кәсіби құқықтық көмегін алу, осындай зомбылықты болдырмау қарастырылған. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

Құқықтық реттеу негізі ретінде, мемлекеттік органдардың қоғамдық қатынастарға және олар қабылдайтын кешенге ықпал ету нәтижесі- әкімшілік-құқықтық тәртіп және әкімшілік-құқықтық сипаттағы құқықтық құралдар.

**Түйін сөздер:** отбасы, тұрмыс, зорлық, әйел, құқық, заң

**Аннотация.** В статье рассматривается возможность получения профессиональной правовой помощи государственных и общественных организаций для женщин – жертв бытового насилия в трудные ситуации и недопущение такого насилия. Согласно Конституции Республики Казахстан достоинство человека неприкосновенно. Никто не должен подвергаться пыткам, насилию, другому жестокому или унижающему человеческое достоинство обращению или наказанию.

В качестве основы правового регулирования рассматривались правовые инструменты административно - правового порядка и административно-правового характера как результата воздействия государственных органов на общественные отношения и принимаемый ими комплекс.

**Ключевые слова:** семья, брак, жертва, женщина, права, закон.

**Annotation.** The article considers the possibility of obtaining professional legal assistance from state and public organizations for women victims of domestic violence in difficult situations and preventing such violence. According to the Constitution of the Republic of Kazakhstan, human dignity is inviolable. No one shall be subjected to torture, violence, or other cruel or degrading treatment or punishment.

The legal instruments of the administrative - legal order and of the administrative-legal nature as a result of the influence of state bodies on public relations and the complex adopted by them were considered as the basis of legal regulation.

**Keywords:** Family, marriage, victim, woman, rights, law.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғауға қандай заңдар көмектеседі, сондай-ақ егер осындай қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға қандай ақпараттық және тағы көмек алуға болады туралы мәселе қазіргі кезеңдегі қазақстанның ең өзекті сұрақтарының бірі болып табылады. Қоғамдағы өзекті сұрақ ретінде әртүрлі пікірлер мен ойлар туындауда.

Қоғамдағы тұрмыстық зорлық—зомбылыққа қарсы күрес-қылмысқа қарсы күрес сияқты маңызды мәселе. Өкінішке орай, отбасы мүшелеріне зорлық-зомбылық жасаудың көптеген фактілері орын алуда, жәбірленушілер осы проблемаларымен жеке қала беруі. Зардап шеккендер бұл туралы ешкімге айтпауы. Сондықтан, сотқа келетін істер өте сирек.



Қазіргі таңда, отбасылардағы әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өсуіне байланысты жағдай алаңдатады. Мұндай зорлық-зомбылықтың жолын кесу керек. Мемлекет жыныстық құлдықтың, әйелге тауар ретінде қараудың айқын жағдайларын, қатаң түрде тоқтатуға тиіс деп ойлаймын.

2020 жылдың карантин енгізілгеннен кейін әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері жиілеп кетті. БҰҰ мәліметтері бойынша, бұл жағдай бүкіл әлемде, әсіресе қатаң карантин енгізілген елдерде дамып келеді.

Қазақстанда жағдай өкінішке орай, нашарлап кетті. Сәуір айының өзінде 150 нөмірі бойынша жедел желіге тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарынан 300-ден астам өтініш келіп түсті. Материалдағы мәліметтер Informburo.kz. алынды.

Карантин кезінде Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жағдай ушығып кетті. «Дағдарыс орталықтары одағы» ЗТБ басқарма төрайымы Зульфия Байсақованың мәліметінше, 150 нөмірі бойынша жедел желіге келіп түскен: Ақпан айында 150 қоңырау; наурызда 200 қоңырау; сәуір айының бірінші жартысында 300-ден астам қоңырау түскен. Зүлфия Байсақованың пікірінше, отбасылық қарым-қатынасқа елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай әсер етеді. Сонымен қатар, адамдар оқшауланған, олардың эмоциялары көбісі ашуды қалай басқаруды білмейді. Бұл пандемияға және жұқтырудан қорқуға қосыңыз. Сонымен қатар, карантинде көптеген адамдар жұмыссыз қалды, депрессияға түсіп іше бастағандар, ал әркімнің алкогольге реакциясы әртүрлі болуы, тұрмыстағы жан-жалды тудыруға әкелген. Жанжалдың аяғы тұрмыстың зорлық – зомбылыққа тудырған.

Мамандар елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өршуі болғанын көрсетіп отыр. Олар төтенше жағдай режимі жағдайында мемлекет осы қауіпке тап болғандарға қамқорлық жасамағанын атап өтті. Мысалы, тұрмыс зорлық зомбылыққа тап болған тұлғаларға, зомбылықтан болған фактілерді тіркеу мүмкіндіктері болмағанын айта кету керек, арналған сот дәрігерлік сараптамасынан өту қиындықтар туындағаны, өйткені қала бойынша қозғалысқа тыйым салынған, блок бекеттердің қойылуы, дер уақытта жарақаттарды тіркеу мүмкіндіктеріне кедергі жасағанын байқап отырмыз. Сонымен қоса, басқада факторлардың болуы, біреудің таксиге ақшасы жоқ, онда жеткен күннің өзінде мекемелердің жұмыс уақыты шектеулі.

Мемлекетіміздің негізгі заңы-Конституция-біздің заңды құқықтарымыз бен мүдделерімізді қорғауға кепілдік береді. Ол туралы Конституциямыздың «Адам және азамат» бөлімі арналған. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабына сәйкес:

1. Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.

2. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар.

3. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі деп регламенттелген.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелер қызметінің құқықтық негізін, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы және БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Конвенция,» Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы», «Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі», «Қазақстан Республикасының тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы» туралы заңы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы заңы. Ал, 17-бапта адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық туралы және ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайтындығы туралы тікелей айтылған.

1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

Келесі нормативтік актіде денсаулыққа келтірілген зиянға байланысты. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес, жеке бастың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар 73-бап. Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер қаралған.

Құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. 73-1-бап. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру. Денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. Құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттер – ескерту жасауға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер - жиырма тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. Сонымен қатар, «сот бұйрығы» сияқты шара енгізілді. Бұл отбасылық жанжалға жазылған ресми бұйрық. Мысалы, күйеуі үйде жанжал шығарды. Көршілер полицияға қоңырау

шалды. Оқиға орнына келген қызметкерлер дебоширді ұстайды, бірақ әйелі жұбайына өтініш жазғысы келмейді және ол айқын көгеруді немесе беттегі соққыға соғу белгілері айқын болмағандықтан, бұл жағдайда қоқан лоқы көрсетушіге, бұдан былай үйде дау-дамай жасауға, қолын үй шаруашылығына көтеруге тыйым салынады. Осыдан кейін учаскелік инспектор аптасына бірнеше рет тұрғылықты жеріне барып, тексереді.

Қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін құқық бұзушыға әкімшілік қамаққа алу ескертілуі не жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Жәбірленушілерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау мақсатында ішкі істер органдарына тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану құқығы берілген:

-Профилактикалық әңгімелесу-тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектісі тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адаммен өткізіледі;

-Қорғау нұсқамасын-ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметінің бастығы не оның орынбасары, учаскелік полиция инспекторы не кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы ол шығарылған кезде он алты жасқа толған есі дұрыс адамға қатысты шығарады.

Қорғау нұсқамасымен тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға, жәбірленушінің отбасының кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетке қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, оның еркіне қарамастан, оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға тыйым салынады. Өзіне қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған адамды ішкі істер органдары профилактикалық есепке қояды және оған профилактикалық бақылау жүзеге асырылады;

-Әкімшілік қамаққа алу - отыз тәулікке дейінгі, ал төтенше жағдайлар режимі талаптарын бұзғаны үшін қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Әкімшілік қамаққа алуды судья айрықша жағдайларда осы бөлімнің Ерекше бөлігінде көзделген шектерде тағайындайды;

-Әкімшілік айыппұл – осы бөлімнің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген жағдайларда және шекте әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынатын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған кезде қолданыста болған заңға сәйкес белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде ақша өндіріп алу.

Әрине, тұрмыстық-зорлық зомбылықты алдын алу үшін мемлекетіміздің әртүрлі шаралар жасалуда.

Мамандандырылған дағдарыс орталықтары-бұл тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамдарға көмек көрсету жөніндегі ұйымдар, олар консультациялық-психологиялық және заң көмегін өтеусіз көрсетеді, қажет болған жағдайда зардап шеккендерді медициналық мекемелерге медициналық көмек көрсету және одан әрі оңалту үшін жібереді, уақытша тұру ұсынады, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдармен психологиялық оңалту бағдарламалар жүргізеді, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы мен алдын алу мәселелері бойынша ақпараттық-ағарту және тәрбие қызметін

жүзеге асырып келеді.

Қортыдылай келе, қазіргі кезеңдегі тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заң Қазақстанда бірнеше жыл бұрын қабылданған болатын, бірақ сарапшылардың айтуынша, үй тиранының құрбандары бұдан аз болған жоқ. Қазіргі уақытта Парламент қабырғасында «отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» жаңа заң жобасы жатыр.

«Азаматтық белсенділер басынан бастап отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы заңды әзірлеуге тартылды. Сарапшылар, қоғамдық ұйымдар, ел өңірлеріндегі дағдарыс орталықтарының өкілдері қатысты. Бүгін Парламент Мәжілісінің жұмыс тобы аясында талқылау жалғасуда. Барлық сындарлы ұсыныстар-назарға алынады», деген ойдамыз. Бұл талқыланудағы заң жобасы, шешілмей отырған көптеген мәселелерді шешетіне үмітпен қараймыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚР 29.12.2014 №272-V Заңымен 01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Горобец К.В., Дорофеева Н.В. Профилактика семейно-бытовых конфликтов, домашнего насилия. методические рекомендации ГАУ АО «Центр психолого-педагогической, медицинской и социальной помощи» 2016. г. Астрахан.

4. Informburo.kz

Мусатаев Назар Муратович

7M04218-Құқықтың өзекті мәселелері оқу бағдарламасының магистранты,  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

E-mail: [narik\\_090@mail.ru](mailto:narik_090@mail.ru)

## ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

**Түйіндеме.** Нақты мақалада тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, жедел жолын кесу, әлеуетті құрбандар үшін қауіпсіз жағдайлар жасау, оларға қажетті медициналық, психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмектің өзге де түрлерін көрсету жағдайлары, тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік жауапкершілік мәселелері, зорлық-зомбылық тек отбасының ғана емес, сонымен қатар мемлекет пен қоғамның да проблемасы екендігі қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** әкімшілік құқықбұзушылық, тұрмыстық зорлық-зомбылық, гендерлік теңдік, отбасы, қоғам, алдын алу.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается предотвращение домашнего насилия, экстренное реагирование, создание безопасной среды для потенциальных жертв, предоставление им необходимой медицинской, психологической, правовой и социальной помощи, административная ответственность за домашнее насилие, а также насилие как проблема не только семьи, но также государства и общества.

**Ключевые слова:** административные правонарушения, домашнее насилие, гендерное равенство, семья, общество, профилактика.

**Annotation.** This article discusses the prevention of domestic violence, emergency response, creating a safe environment for potential victims, providing them with the necessary medical, psychological, legal and social assistance, administrative responsibility for domestic violence, as well as violence as a problem not only of the family, but also of the state and society.

**Key words:** administrative offenses, domestic violence, gender equality, family, society, prevention.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жедел жолын кесу және әлеуетті құрбандар үшін қауіпсіз жағдайлар жасау, оларға қажетті медициналық, психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмектің өзге де түрлерін көрсету мақсатында және гендерлік теңдік стратегиясын орындау үшін «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» [1] және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» [2] екі маңызды заң әзірленіп, қабылданды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жолын кесуге, сондай-ақ оның құрбандары болған адамдарға көмек көрсетуге бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға 2014 жылғы 18 ақпанда қол қойылды [3]. Заңмен тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне қарсы іс-қимыл бойынша құқықтық шаралар кешені белгіленді, атап айтқанда, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік және басқа да көмектер көрсетудің құқықтық тетіктері қарастырылып, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқықбұзушылықтар үшін жаза күшейтілді.

Заңдағы ең маңызды ережелер құқық бұзушының жазасын күшейтіп,

әкімшілік іс жүргізуге қатысушының өтініші бойынша құқық бұзушыға қатысты белгіленетін ерекше талаптар тізбесін кеңейту болып табылды. Сонымен қатар айыппұл тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың пәрменді шарасы болып табылмай, зорлық-зомбылық жасаған адамның және зардап шеккен адамның отбасының жалпы бюджетінен жиі төленетіні ескеріліп, құқық бұзушы әкімшілік қамауға алынатын болды.

Отбасылық-тұрмыстық құқықбұзушылықтарға қарсы іс-қимылда негізгі қиындық - жәбірленушінің өз жағдайын ауырлатудан қорқып, зорлаушыны ұстап беруге ниеттенбеуі. Мұндай жағдайларда адамдарды қорғауды қамтамасыз ету үшін мемлекет тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жедел жолын кесуі, жәбірленушілер үшін қауіпсіз жағдайлар жасауы, оларға белгілі бір қызмет көрсету кешенін (ақпараттық, құқықтық, психологиялық және т.б.) көрсетуі, құқық бұзушыға жеке алдын алу шараларын қолдануы тиіс.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік жауапкершілік мәселелері Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 10-тарауымен реттеледі [4]. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық» ұғымына 73-бап бойынша әкімшілік жауапкершілікті көздейтін құқыққа қарсы әрекеттер, яғни отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы әрекеттер қолайлы екенін атап өту қажет. Сонымен қатар, егер отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында құқыққа қарсы әрекеттер жасаған адам жәбірленушіге ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасаса немесе денсаулыққа жеңіл немесе орташа ауырлықтағы зиян келтірсе, ол тиісінше қылмыстық теріс қылық ретінде қылмыстық кодекстің баптары бойынша жауапты болады.

Жоғарыда атап өтілгендей, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты полицейлерге жаңа өкілеттіктер берілген: құқық бұзушымен алдын алу әңгімелерін жүргізу құқығы; хаттаманы немесе қорғау нұсқамасын ресімдеу үшін оны ішкі істер органдарына жеткізу құқығы; зорлық-зомбылықтың құрбандыққа қатысты мінез-құлқын шектейтін қорғау нұсқамасын шығару құқығы; әкімшілік ұстау құқығы (жәбірленушіден оқшаулау); құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу туралы сот алдында өтініш жасау құқығы; тергеу кезінде бұлтартпау шарасы ретінде ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат таңдалған күдіктінің немесе айыпталушының құқықтарын шектеу құқығы. Қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктіге, айыпталушыға жәбірленушіні іздестіруге, ізіне түсуге, оған баруға, ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және онымен өзге де тәсілдермен байланыс жасауға тыйым салынғаны туралы жазбаша ескертеді.

Ішкі істер органы шығарған қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін, яғни тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға, жәбірленушінің еркіне қарамастан іздеуге, қудалауға, баруға, ауызша және телефонмен сөйлесуге және онымен өзге де тәсілдермен байланысты қоса алғанда санкция шегінде ескерту жасауға не бес тәулік мерзімге дейін әкімшілік қамауға алуға жазаланады. Өзіне қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған адамды ішкі істер органдары

профилактикалық есепке қояды және оған профилактикалық бақылауды жүзеге асырады.

Сондай-ақ әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың және (немесе) ішкі істер органдарының өтініші бойынша сот заңда көзделген әкімшілік құқықбұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеуі мүмкін. Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер жасаған адамның жүріс-тұрысына үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге жәбірленушінің отбасының кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетке қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, жәбірленушінің еркіне қарамастан, оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша немесе телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға; атыс қаруын және қарудың басқа да түрлерін сатып алуға, сақтауға, алып жүруге және пайдалануға; кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның рұқсатынсыз кәмелетке толмағандарға белгілі бір жерлерге баруына, басқа да жерлерге шығуына; алкогольдік ішімдік ішуге, есірткі, психотроптық заттарды қолдануға толық көлемде немесе жеке-жеке тыйым салуды көздейтін ерекше талаптар белгілеуі мүмкін.

Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында әкімшілік құқықбұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген кезде жәбірленуші мен оның отбасы мүшелерін күзету және қорғау үшін сот ерекше жағдайларда тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға осы адамның басқа тұрғын үйі болған жағдайда жәбірленушімен жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғын үйде тұруға тыйым салу түрінде әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасын отыз тәулікке дейінгі мерзімге қолдануға құқылы. Құқық бұзушының мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптардың қолданылу мерзімі ішінде оған профилактикалық әңгімелесу үшін айына бір реттен төрт ретке дейін ішкі істер органдарына келу міндеті жүктелуі мүмкін.

Алайда, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 669-бабы бойынша, яғни сот үкімін, шешімін немесе өзге де сот актісін және атқару құжатын орындамағаны үшін немесе ҚР ҚК-нің 430-бабы бойынша, яғни заңды күшіне енген үкімді, шешімді немесе өзге де сот актісін немесе атқару құжатын алты айдан астам орындамағаны үшін, сол сияқты олардың орындалуына кедергі келтіргені үшін, сондай-ақ, егер қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленген [5]. Сонымен қатар отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында әкімшілік құқықбұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына сот белгілеген ерекше талаптарды бұзғаны үшін заңда жауапкершілік көзделген. Құқық бұзушының жүріс-тұрысына арнайы талапты қою әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулыда көрініс табатындықтан, сот актісінің орындалуға тиісті міндетті бөлігі болып келеді. Айта кететін жағдай, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің ерекше бөлігінде арнайы талаптың орындалғаны туралы сотты хабардар ету міндеті көзделмеген. Арнайы талаптың орындалғаны туралы полиция органдарының сотқа хабарлама жолдау міндеттілігі заңда көрініс табуы қажет. Бұл отбасы-

тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушының өз іс-әрекетін саралап, одан қорытынды шығаруға көмектеседі. Сонымен бірге, сот актісіне немқұрайды қарамай, әкімшілік іс тараптардың татуласуына байланысты тоқтатылып, жазаға тартылмаса да, кінәлі тұлғаның өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауына ықпалын тигізеді.

Әрине, көп жағдайда отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқықбұзушылықтардың құрбандары әйелдер, яғни құқық бұзушылардың әйелдері немесе азаматтық жұбайлары болып табылады. Бірақ аталған санаттағы істер бойынша қарт ата-аналар, апа-қарындастар, аға-інілер мен отбасылық бүлік шығарушылардың балалары жиі зардап шегеді. Статистикалық деректерден көрініп тұрғандай, аталған санат бойынша істердің көпшілігі тоқтатылады, бұл ретте олардың барлығы іс жүзінде жәбірленушінің әкімшілік құқықбұзушылық жасаған адаммен татуласуына байланысты. Себебі осы Кодекстің 73-бабында көзделген әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер жәбірленушінің өтініші бойынша ғана қозғалады және ол әкімшілік құқықбұзушылық жасаған адаммен татуласуына байланысты қысқартылуға жатады. Жәбірленуші мен әкімшілік құқықбұзушылық жасаған адам қол қойған жазбаша келісім болған кезде судья істі тоқтатуға міндетті.

Сондай-ақ, аталған барлық қақтығыстар балалардың қатысуымен де орын алатыны осы істер бойынша үлкен алаңдаушылық туғызады. Балалар өз көз алдарында жасалатын қатыгездік пен жек көрушілік ауқымына еріксіз тартылып, күйзеліс пен қорқыныш сезімін бастан өткереді. Өкінішке орай, отбасылық бұзақылық жасаушылар әрдайым балағат сөйлеумен, қорлаумен, үй тұрмысындағы заттарды бүлдірумен және басқа да осындай әрекеттермен шектелмейді деп айтуға болады. Көп жағдайда отбасылық жанжалдар қол жұмсаушылықпен, дене жарақатымен және мертігумен аяқталады.

Отбасындағы зорлық-зомбылық тек отбасының ғана емес, сонымен қатар мемлекет пен қоғамның да проблемасы болып табылады.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу - бұл әр адамның азаматтық борышы. Ешкім біреудің бақытсыздығына бейжай қарамауы керек. Сондықтан да азаматтардың түрлі зорлық-зомбылықтың алдын алуға үлес қосуы үшін құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық сезімін ояту қажет, яғни тағы да, нөлдік төзімділік қағидаларын ұстануға бастау керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=30527326](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30527326)
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070001126>
3. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000175>
4. [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235/k14235 .htm](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235/k14235.htm)
5. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ АЯСЫНДА ӘЙЕЛДЕР МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Түйіндеме.** Нақты мақалада халықаралық құқық аясында әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері, яғни әйел мен балаға қарсы жасалатын құқықбұзушылықтар, зорлық-зомбылық көруі, кемсіту сияқты мәселелер қоғамда көп орын алуда. Осы мәселелер бойынша халықаралық шарттар зерделенді, әйел мен бала құқықтарын қорғаудың нормаларына салыстырмалы құқықтық анализ жасалып, біршама ұсыныстар қарастырылған.

**Түйін сөздер:** зорлық-зомбылық, әйел мен бала, халықаралық құқық, халықаралық шарттар.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы защиты прав женщин и детей в рамках международного права, то есть правонарушения против женщин и детей, насилие, дискриминация. Изучены международные соглашения по этим вопросам, проведен сравнительно-правовой анализ норм защиты прав женщин и детей, рассмотрен ряд рекомендаций.

**Ключевые слова:** насилие, женщины и дети, международное право, международные договоры.

**Annotation.** In a specific article, the issues of protection of the rights of women and children in the framework of international law, ie offenses against women and children, violence, discrimination, are widely discussed in society. International agreements on these issues have been studied, a comparative legal analysis of the norms of protection of women's and children's rights has been made, and a number of recommendations have been considered.

**Keywords:** violence, women and children, international law, international treaties.

Әйелдер құқығы термині барлық жастағы әйелдер мен қыздардың бостандықтары мен құқықтарын білдіреді. Бұл құқықтар белгілі бір қоғамдағы институттандырылған, ескерілмеген немесе заңмен, жергілікті әдет-ғұрыптармен және мінез-құлықпен тоқтатылуы мүмкін немесе ол құқықтар да болмауы мүмкін. Бұл бостандықтар топтастырылған және адам құқықтарының кеңірек тұжырымдамаларынан ерекшеленеді, өйткені олар көбінесе ерлер мен ер балаларға арналған бостандықтардан ерекшеленеді, сондықтан да бұл мәселе бойынша белсенділер әйелдер мен қыздардың құқықтарына қатысты тарихи және дәстүрлі гендерлік бейімділік туралы талаптарды әр уақытта және жер шарының барлық мемлекеттерінде көтерген.

Әдетте әйелдер құқықтарын қабылдаумен байланысты мәселелерге мыналар жатады, бірақ олармен шектелмейді: жеке тұлғаның тұтастығы мен дербестігі құқығы; дауыс беру құқығы (сайлау құқығы); мемлекеттік қызметке орналасу құқығы, сондай-ақ жұмыс мансабы бойынша жоғары лауазымдарда қызмет атқару; жалпы жұмыс істеу; әділетті жалақыға және тең төлемге, мүлікке меншік құқығына; білім алуға, әскери қызмет немесе әскерге шақыру құқығы; келісімшарттар жасасу және отбасылық, ата-ана және діни құқықтарға ие болу мәселелері жиі көтеріледі.

Әйелдер мен балалардың құқықтарын халықаралық-құқықтық қорғау жалпы адам құқықтары туралы шарттардың негізінде де, арнайы келісімдерге сәйкес те жүзеге асырылады. Жынысқа байланысты дискриминацияға жол

бермеу принципі көптеген халықаралық-құқықтық актілерде бекітілген.

Осы құқықтарды іске асыру мақсатында көптеген халықаралық шарттар қабылданған болатын. Мысалы 1952 жылғы Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция әйелдердің барлық сайлауларда ерлермен тең дауыс беру, сайлау және сайлану, мемлекеттік және мемлекеттік қызметте лауазымдарды иелену, мемлекеттік және мемлекеттік функцияларды орындау құқығын ерлермен тең негізде белгілейді. 1962 жылғы неке туралы конвенциясы қабылданды, неке жасы және некені тіркеу туралы конвенция екі жақтың келісімінсіз некеге жол бермейді. Некенің міндетті ресми тіркеуі белгіленді. Неке куәгерлердің және некені рәсімдеуге құқығы бар орган өкілінің қатысуымен жеке жасалуы керек. Мемлекеттер некенің ең төменгі жасын белгілейтін заң шығаруы қажет. Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы 1979 жылғы конвенция мемлекеттердің әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою міндеттемесін қарастырады. Әйелдерге қатысты дискриминация дегеніміз - ерлер мен әйелдердің теңдігі, адам құқықтары мен негізгі принциптері негізінде әйелдердің құқықтарын танылуын әлсіретуге немесе теріске шығаруға бағытталған, жынысына байланысты кез-келген айырмашылықты немесе шектеуді білдіреді. Нақты осы дискриминацияны жою осы конвенция шегінде көзделген болатын.

Мемлекеттер өздерінің ұлттық заңнамаларына ерлер мен әйелдер арасындағы теңдік қағидатын енгізуге, әйелдерге қатысты кез-келген кемсітушілікке тыйым салуға, санкциялар орнатуға және әйелдер құқығын ерлермен тең дәрежеде заңды түрде қорғауға мүмкіндік беруге міндетті. Әйелдердің еркектермен тең құқық қабілеттілігі және оны жүзеге асырудың тең мүмкіндіктері бар.

Әйелдерге барлық сайлаулар мен референдумдарда дауыс беру, мемлекеттік қызметтерді атқару, елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысу құқығы, азаматтық, білім беру, еңбек ету, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау саласындағы тең құқықтар кепілдендірілген. Мемлекеттер әйелдер саудасы мен жезөкшелікті қанаудың жолын кесу үшін барлық шараларды қабылдауы қажеттілік етеді.

2003 жылы Интернеттегі педофилияға қарсы күрес конференциясы өтті. Конференцияны Халықаралық із-түссіз жоғалған және қанаушы балалар орталығы (ИСМЕС) ұйымдастырды. Қатысушыларға құқық қорғау органдарын онлайн режимінде балаларға арналған «аңшылармен» күресу бойынша бағдарлама ұсынылды. Бағдарламаға тергеу, дәлелдемелер жинау, компьютерлік криминалистика, психологиялық портреттен педофилді «анықтау» кіреді. ИСМЕС ұсынған бағдарлама - бұл 2002 жылы өткен балалар порнографиясына қарсы бірінші дүниежүзілік форумда жасалған жоспардың маңызды бөліктерінің бірі. 2004 жылдан бастап балалар порнографиясына қарсы әмбебап науқан бастау алды.

Елімізде де жақында осы бағыт бойынша әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаны қатандату аясында «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы» заң жобасы әзірленді, ол тұрмыстық зорлық-

зомбылыққа қарсы күрес субъектілерінің тізбесін кеңейтуді, уәкілетті органдардың өкілеттіктерін шоғырландыруды, өзара іс-қимыл тетіктерін анықтайды. Қорғау бұйрығының мерзімдерін арттыру, қылмыскердің түзеу бағдарламасынан өту рәсімін енгізу сияқты мәселелер қарастырылған болатын.

Әрине, барлық жасалған жұмыстар өз жемістерін берді бірақ қазіргі күнде де тоқтап қалмай ол өз ісін ары қарай жасауы тиіс. Заман талабына сай халықаралық аренада жоғары дәрежеге ие мемлекеттер мен коммерциялық емес ұйымдар заң жағынан, тәртіп жағынан, экономикалық сондай-ақ әлеуметтік жағынан төмен мемлекеттерге көмек көрсетуі қажеттілік етеді. Әйел мен бала құқығын қорғау идеологиялық аспектісі мен қатар қаржылық жағынан қамтамасыз етуге алғышарттар қолға алынса деген пікірдеміз. Әйел заты алдымен ана, балаға тәрбие беруші, отбасын ұйытып отыратын тұлға. Философияда отбасыны кішігірім мемлекет ретінде қарастырады, егер кіші мемлекет ішінде тұрақтылық болса онда отанымызда жанданатынына еш күмән жоқ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Morey, Dr Robert A. The Bible, Natural theology and Natural Law: Conflict Or Compromise? (англ.).- Xulon Press, 2010. - P.282. - ISBN 978-1-60957-143-6.
2. The Bible, Natural theology and Natural Law: Conflict Or Compromise, 2010, p. 297.
3. Локвуд, Берт Б. (ed.), Права женщин: «Области прав человека» Reader (Джон Хопкинс Юниверсити пресс, 2006), ISBN 978-0-8018-8374-3

# **ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТҮРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ**

## **УГОЛОВНАЯ ПОЛИТИКА В СФЕРЕ ПРОФИЛАКТИКИ БЫТОВОГО НАСИЛИЯ В ОТНОШЕНИИ ЖЕНЩИН**

УДК 343.235.2

**Авдеева Ольга Анатольевна**

доктор юридических наук,  
профессор кафедры государственно-правовых дисциплин,  
Восточно-Сибирский институт МВД России  
г. Иркутск, Россия

**Авдеева Екатерина Вадимовна**

кандидат юридических наук,  
доцент кафедры уголовного процесса  
Восточно-Сибирский институт МВД России  
г. Иркутск, Россия

## **МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВАЯ ОЦЕНКА НАСИЛИЯ КАК СОЦИАЛЬНО НЕГАТИВНОГО ЯВЛЕНИЯ**

**Аннотация.** В статье отражены актуальные проблемы правового регулирования методов и средств противодействия насилию как социально-негативному явлению, назревшие в национальных правовых системах. Анализируется процесс формирования правовых гарантий, закрепленных в нормах международного права. Отмечено, что международно-правовые акты, декларируя общепризнанные права и свободы каждого человека, устанавливают обязанность каждого государства обеспечить их соблюдение и охрану на внутригосударственном уровне. Определено, что в процессе разработки правовых средств противодействия насилию как социально-негативному явлению в качестве главенствующих объектов правовой охраны признаются жизнь и здоровье человека, его свобода и неприкосновенность. Сделан вывод о том, что в ходе последовательной деятельности международного сообщества по борьбе с насилием разработке подлежало как понятие насилия, подразумевающее применение физической силы либо власти, осуществляемое преднамеренно, реализуемое действительно либо в виде угрозы, влекущее смерть, телесные повреждения, психологическую травму, отклонения в развитии, а также различного рода ущерб.

**Ключевые слова:** международно-правовые гарантии, права и свободы человека, механизм правового регулирования, международные акты.

**Аннотация.** Мақалада ұлттық құқықтық жүйелерде пісіп-жетілген әлеуметтік-теріс құбылыс ретінде зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл әдістері мен құралдарын құқықтық реттеудің өзекті мәселелері көрсетілген. Халықаралық құқық нормаларында бекітілген құқықтық кепілдіктерді қалыптастыру процесі талданады. Әр адамның жалпыға бірдей танылған құқықтары мен бостандықтарын декларациялай отырып, халықаралық-құқықтық актілер әрбір мемлекеттің олардың мемлекетішілік деңгейде сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ету міндетін белгілейтіні атап өтілді. Зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық құралдарын әзірлеу процесінде әлеуметтік-теріс құбылыс ретінде адамның өмірі мен денсаулығы, оның бостандығы мен қол сұғылмаушылығы құқықтық қорғаудың басым объектілері ретінде танылатыны анықталды. Халықаралық қоғамдастықтың зорлық-

зомбылыққа қарсы дәйекті іс-әрекеті барысында физикалық күш немесе күш қолдануды білдіретін, қасақана жүзеге асырылатын, іс жүзінде жүзеге асырылатын немесе өлімге, дене жарақатына, психологиялық жарақатқа, дамудың ауытқуларына әкелетін қауіп түрінде болатын зорлық-зомбылық ұғымы ретінде жасалды деген қорытынды жасалды., сондай-ақ әр түрлі зиян.

**Түйінді сөздер:** халықаралық-құқықтық кепілдіктер, адам құқықтары мен бостандықтары, құқықтық реттеу тетігі, халықаралық актілер.

